



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра меңгерушісі:
психол.ғ.д., профессор
Каримова Р.Б. _____

« ____ » _____ 20 ____ ж.

**Білім алушыларға арналған пәннің
оқу-әдістемелік кешені
«Педагогикалық психология»**

« 050101 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»

Алматы, 2011

Білім алушыларға арналған пәннің оқу-әдістемелік кешені

- «050101 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша жоғары кәсіби білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
- Республикалық оқу-әдістемелік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кеңесінің 22.06.2006ж. мәжілісінің хаттамалық шешімімен бекітілген «Педагогикалық психология» пәнінің типтік бағдарламасы;
- «__» _____ 20__ ж. бекітілген «050101 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша жұмыс оқу жоспары негізінде дайындалды.

Дайындаған:

аға оқытушы Бейсембаева К.Д.

Кафедра меңгерушісі

психол.ғ.д., профессор Каримова Р.Б.

«__» _____ 20__ ж.

Пәннің оқу-әдістемелік кешенінің мазмұнының тізімдемесі

№	Құжаттаманың атауы	Беті
1.	Силлабус	
2.	Дәрістер тезистері	
3.	Семинар және практика сабақтарының қысқаша сипаттамасы (жоспарлар, семинар және практика сабақтарын жүргізуге арналған тапсырмалар, СООЖ, СӨЖ);	
4.	Емтиханға дайындалуға және өзін-өзі тексеруге арналған тапсырмалар, соның ішінде тесттер	
5.	Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі, соның ішінде электрондық тасуыштардағы әдебиеттер	
6.	Интернет-ресурстардың тізімі	
7.	Глоссарий	

Студенттерге арналған пән сипаттамасы

1. Пән туралы ақпарат

Пән атауы: Педагогикалық психология	Пән коды: PDP 3504	Кредит саны: 2	3 курс, 5 семестр
Мамандық аты: Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	Мамандық шифры: 050101	Кафедра: жалпы және қолданбалы психология	Факультет: психология-педагогика
Оқыту формасы: күндізгі, ОБ		Оқыту тілі: қазақ	
Пәнді өткізу уақыты және орны: жұма: 16.00. – 16.50. (дәріс); 17.00. – 17.50. (семинар); 10-дәрісхана			
Консультация уақыты: сабақ кестесіне сәйкес			
Рубеждік бақылау кестесі: 7-апта, 15-апта			
Оқытушының аты-жөні, лауазымы, дәрежесі, атағы: Бейсембаева Кенже Доғарқызы – аға оқытушы	Контакттік ақпарат (телефон, e-mail): үй тел: 255-69-31; ұялы тел: 87014636040;		
Оқытушы қолы	Кафедра меңгерушісі, психол.ғ.д., профессор:		Каримова Р.Б.

2. Пәннің қысқаша сипаттамасы.

Пәнді оқытудың **мақсаты** – гуманитарлық мамандықтардағы студенттердің педагогикалық психология пәнін оқыту мен меңгеруі негізінде ғылыми білімін дамыту, семинар мен практикалық сабақтар процесінде педагогикалық психология бөлімі бойынша психологиялық құбылыстарды жүйелі талдау біліктері мен дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

«Педагогикалық психология» пәнінің **негізгі міндеттері:**

- педагогикалық практика негізінде психологияның әр түрлі ғылыми бағыттары бойынша студенттердің білімін жүйелеу;
- психологиялық феномендер мен деректерді оқыту мен дамудың әртүрлі теорияларын талдау процесінде студенттердің танымдық іс-әрекетінің біліктілігі мен дағдыларын дамыту;
- болашақ педагог ретінде білім, білік, дағдыларды оқу және кәсіби іс-әрекетте пайдалану;
- әлемдік және отандық педагогикалық психология ғылымдарының негізінде практикалық жетістіктер мен теориялық бағыттармен таныстыру.

«Педагогикалық психология» пәнін оқыту нәтижесінде студент **білуі керек:**

- тәрбие, оқу және дамыту арасындағы өзара байланысты зерттей білу;
- мұғалім қызметінің психологиялық заңдылықтарын зерттей білу;
- оқушылардың білімді меңгеру заңдылықтарын білу;
- білім беру қызметіндегі субъектілердің тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу.

«Педагогикалық психология» пәнін оқыту нәтижесінде студент **меңгеруі керек:**

- студенттер оқу барысында педагогикалық психологияның қазіргі мәселелері бойынша негізгі білімдерді;
- жас ерекшеліктеріндегі психикалық құбылыстардың негізгі заңдылықтарымен танысуды;
- алынған білімді педагогикалық практикада зерттеу және оны пайдалану.

3. Пән пререквизиттері: Жалпы психология, даму психологиясы, әлеуметтік психология, психологиядан практикум, дифференциалды психология.

4. Пән постреквизиттері: Психология тарихы, этнопсихология, практикалық психология, эксперименталды психология, психологиядағы математикалық әдістер.

Ф ҚазҰПУ 703-12-11 Блім алушыларға арналған пәннің оқу-әдістемелік кешені.

5. Күнтізбелік-тақырыптық жоспар.

№	Пән тақырыптарының аталуы	апта	Аудиториялық сабақтар		Тапсырма түрі (сипаттамасы)		Барлығы (сағ)
			Дәріс (сағ.)	Пр/сем. /зертх. / студ саб (сағ.)	СОӨЖ	СӨЖ	
1	Педагогикалық психология пәніне кіріспе.	1	1	1	Баяндама:Оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық заңдылықтары.	Тезис:Педагогикалық психологияның пәні мен міндеттері.	2
2	Педагогикалық психология пәні, міндеттері мен әдістері.	2	1	1	Конспект:Оқу-тәрбие міндеттерін психологиялық-педагогикалық зерттеу..	Аннотация:Қазіргі кездегі оқыту мен тәрбиенің негізгі бағыттары.	2
3	Педагогикалық психология пәні – оқыту мен дамудың өзара байланысы ретінде.	3	1	1	Тезис.Психикалық дамудың көздері мен қозғаушы күштері.	Мақала: Әдіснама, әдістер және әдістемелер.	2
4	Педагогикалық психологияның зерттеу әдістері.	4	1	1	Мақала:Оқыту мен дамудың өзара байланыс мәселесі.	Баяндама:Байқау әдісі, оны педагогикалық практикада қолдану.	2
5	Педагогикалық психологияның диагностикалық және терапевтік әдістері.	5	1	1	Эссе:Әлеуметтік тәжірибені меңгерудің құрылымы.	Әдістеме:Сауалнама және тест әдістерін жүргізудің әдіснамасы.	2
6	Педагогикалық психологияның негізгі категориялары. Категориялар анықтамасы.	6	1	1	Әдістеме:Білім беру үрдісі көпәспектiлi феномен ретінде. .	Тест:Баланы оқуға дайындау мақсатымен зерттеу.	2
7	Оқыту психологиясы – адамның өздігінен танып білу әрекетінің ерекші түрі.	7	1	1	Талдау:Білім беру ұғымының жалпы әдіснамалық мәні.	Тренинг:Кәсіби бағдар және кәсіби таңдау мақсатымен баланы зерттеу.	2
8	Оқыту процесі педагогикалық психологиядағы теориялық және	8	1	1	Тренинг:Мұғалім мен оқушы – білім беру процесінің субъектілері.	Талдау.Оқушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін	

	қолданбалы мәселе ретінде.					зерттеу.	
9	Оқыту процесінің өзіндік сипаты және танымдық іс-әрекеттердің дамуы.	9	1	1	Портфолио:Оқу іс-әрекетінің жалпы сипаттамасы, құрылымы және қалыптасуы.	Эссе:Мектеп ұжымының психологиялық сипаттамасы.	2
10	Тәрбие психологиясы жеке адамды қалыптастырушы мақсатты процесс ретінде.	10	1	1	Әдістеме:Мотивация – оқу іс-әрекеті құрылымының компоненті.	Әдістеме.Сабақтың психологиялық-педагогикалық зерттеу бағдарламасы.	2
11	Тәрбиенің педагогикалық және психологиялық мәселелері.	11	1	1	Тест:Оқушы жетістігін бағалаудың объективті әдістер мәселесі.	Тест:Психология дағы жеке адам мен психиканың құрылуы мен даму мәселесі.	2
12	Тәрбие жұмысының әдістері мен формаларының психологиялық негізі.	12	1	1	Эссе:Оқыту процесін психологиялық талдау.	Баяндама:Оқушы тұлғасының қазіргі кездегі даму ерекшеліктері.	2
13	Білім беру процесіндегі қарым-қатынас.	13	1	1	Талдау:Тәрбие психологиясының өзекті мәселелері.	Эссе:Оқушылардың қарым-қатынас жасау ерекшеліктері.	2
14	Ұстаз психологиясы және мұғалімдік қызмет.	14	1	1	Тренинг:Білім беру процесіндегі қарым-қатынастың психологиялық сипаттамасы.	Тренинг:Мұғалім тұлғасы мен педагогикалық іс-әрекет психологиясы.	2
15	Ұстаз және шәкірт арасындағы қарым-қатынас пен өзара әрекеттестік.	15	1	1	Әдістеме:Педагогикалық өзара іс-әрекеттегі кедергілердің әлеуметтік мәні.	Әдістеме:Мұғалімнің педагогикалық шеберлікті меңгеруінің психологиялық мәселелері.	2
	Барлығы:		15	15			30

6. Оқытуға арналған әдебиеттер.

Негізгі әдебиеттер:

1. Выготский Л.С. Педагогическая психология. М., 1991.
2. Габай Т.В. Педагогическая психология. М., 1995.
3. Зимняя И.А. Педагогикалық психология. М., 1995.
4. Талызина Н.Ф. Управление процессом усвоения знаний. М.,1988.
5. Якунин В.Ф. Педагогическая психология. М.,1995.

Қосымша әдебиеттер:

1. Ананьев В.Г. Избранные психологические труды. Т 2. М., 1980.

Ф ҚазҰПУ 703-12-11 Блім алушыларға арналған пәннің оқу-әдістемелік кешені.

2. Аникеева Н.П. Учителю о психологическом климате в коллективе. М., Просвещение, 1983.
3. Леонтьев А.А. Педагогическое общение. М., 1979.
4. Мұқанов М. Жас ерекшелік және педагогикалық психология. А., 1980.
5. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. 1996.

7. Бағалау критерийі

№	Жұмыс түрі	Баға (мақ балл)	Саны	Қосындысы
Ағымдық бақылау I (7 апта)				
1	Дәріс материалын конспектілеу (тезистер)	0,7%	7	5%
2	Семинарда тапсырмаларды орындау	5,7%	7	40%
3	СОӨЖ-да тапсырмаларды орындау	2,1%	7	15%
4	СӨЖ*			
4.1	Реферат, баяндамаларды қорғау	2,6%	3	8-(10) %
4.2.	Эссе (проблемалық мақала) жазу	4%	3	(10)-12%
4.3	Презентация (студенттік жоба)	5%	2	10%
5	Рубеждік бақылау I	10%	1	10%
	Қорытынды:			100%
Ағымдық бақылау 2 (7 апта)				
1	Дәріс материалын конспектілеу (тезистер)	0,7%	7	5%
2	Семинарда тапсырмаларды орындау	5,7%	7	40%
3	СОӨЖ-да тапсырмаларды орындау	2,1%	7	15%
4	СӨЖ*			
4.1	Реферат, баяндамаларды қорғау	2,6%	3	8-10 %
4.2.	Эссе (проблемалық мақала) жазу	4%	3	10-12%
4.3	Презентация (студенттік жоба)	5%	2	10%
5	Рубеждік бақылау I	10%	1	10%
	Қорытынды:			100%

8. Оқытушы талабы.

1. Сабаққа қатысу, лекция жазу, сабақта белсенді жұмыс жасау, үй тапсырмаларын орындау студенттің міндеті болып табылады. Егер студент қандай да бір себептермен сабаққа қатыса алмаса, онда ол лекция материалын топтағы басқа студенттен алу керек немесе өз бетінше өтеу қажет. Аудиториядан тыс уақытта оқытушы лекциялық материалдармен сабақтан қалған студенттерді тек қана белгіленген уақытта қамтамасыз етеді.
2. Студент университеттегі оқу ережесіне бағыну керек: сабақты себепсіз жібермеу, сабаққа кешікпеу, оқу материалын түсіндіру кезінде сөйлеспеу, ұялы телефондарды өшіріп қою, сабаққа тән киім үлгісімен келу т.б. Егер студентте курс бойынша сұрақтар туатын болса, онда ол оқытушыдан белгіленген уақытта кеңес алуына болады.
3. Әрбір үйге берілген тапсырма уақытылы орындалып, сабақта талқылануы қажет. Уақытылы орындалмаған тапсырма үшін студенттің бағасы 1 балл кемиді.

Ф ҚазҰПУ 703-12-11 Блім алушыларға арналған пәннің оқу-әдістемелік кешені.

4. Бақылау жұмысына қатыспаған немесе кешіккен студенттер автоматты түрде бақылау жұмысы үшін 0 балл алады. Бақылау жұмысын қайта тапсыру рұқсат етілмейді.
5. Аудиториялық уақыт курстың ең негізгі ұғымдарын түсіндіретін лекциядан және әртүрлі формаларда өтілетін практикалық сабақтардан тұрады.
6. Курс студенттен күнделікті өзіндік жұмысты орындауды талап етеді. Студент әрбір сабақта және оқытушының сабақ үстінде берген өзіндік жұмысына тізімдегі негізгі және қосымша әдебиеттер бойынша дайындалу қажет.
7. Сонымен бірге курс СОӨЖ (студенттің оқытушымен өзіндік жұмысы) сияқты жұмыс түрін қамтиды. Онда үй тапсырмаларын әртүрлі жеке және топтық формаларда өткізу, консультациялар, жеке тапсырмаларды орындау ұйғарылады. Әрбір сабақта студент талқылауға белсенді қатысуы керек.
8. Курс барысында студент 2 аралық тапсырма орындау керек. Курстың соңында қорытынды емтихан тест түрінде өтеді. Орындалған жұмыстар дәстүрлі 5 баллдық жүйемен бағаланады, содан соң балдық жүйеге аударылады. Студент бағаларын есептеу және өз бетінше өзінің үлгерімін бақылау әдістемесін игеру қажет.

Дәріс тезистері

№1 дәрістің тақырыбы: Педагогикалық психологияның негізгі мәселелері. Педагогикалық психология пәні, мақсат-міндеттері.

«Педагогикалық психология» терминімен екі түрлі ғылым салалары анықталады. Оның бірі психологияның бір тармағы болып табылатын және оқыту мен тәрбие процесінің табиғаты мен заңдылықтарын зерттейтін базалық ғылым саласы. Педагогикалық және білім беру процесі көптеген ғылымдардың зерттеу объектісі болып табылады, атап айтсақ, педагогика, әлеуметтану, физиология, медицина, басқару теориясы т.б.

Педагогикалық психология білім, білік, дағдыларды меңгерудің заңдылықтарын зерттейді және осы процестердегі дара ерекшеліктерді қарастырады, оқушыларды шығармашылық белсенді ойлауды қалыптастырудың заңдылықтарын, психикасындағы өзгерімдерді, яғни психикалық жаңа құрылымдарды қалыптастыру мәселелерін зерттейді (В.А.Крутецкий).

Педагогикалық психологияның құрамына кіретін негізгі мәселелер:

1. Білім беру қызметінің психологиясы (оқу және педагогикалық қызметінің бірлігі);
2. Оқу қызметі мен оның субъектісі - оқушының психологиясы (оқушы, студент);
3. Педагогикалық қызметтің және оның субъектісі (оқушы, мұғалім) психологиясы (оқыту және тәрбиелік әсер етудің бірлігі жағдайында);
4. Оқу-педагогикалық бірлесу мен қарым-қатынас психологиясы;

Педагогикалық психологияның пәні — адамның әлеуметтік-мәдени тәжірибені меңгерудің механизмдері мен заңдылықтары, оқу қызметінің субъектісі болып саналатын баланың интеллектуалды және тұлғалық дамуының заңдылықтары болып табылады.

Педагогикалық психологияның міндеттері:

- тәрбие, оқыту және дамыту арасындағы өзара байланысты зерттеу;
- оқыту мен тәрбие процестері арқылы білім беру субъектілерінің интеллектуалды және тұлғалық дамуына әсер етудің механизмдері мен заңдылықтарын қарастыру;
- оқу қызметінің субъектісі ретінде мұғалім қызметінің психологиялық заңдылықтарын зерттеу;
- оқушылардың білімді меңгеру заңдылықтарын зерттеу;
- оқытудың басқарудың психологиялық механизмдерін зерттеу;
- оқу мотивациясы мен оқу процесін жетілдіруге ықпал ететін жеке психологиялық факторларды зерттеу;
- білім беру қызметіндегі субъектілердің тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу.

Ф ҚазҰПУ 703-12-11 Блім алушыларға арналған пәннің оқу-әдістемелік кешені.

Зерттеудің негізгі әдістері:

Бақылау – педагогикалық психологияда (және жалпы педагогикалық тәжірибеде) адамды мақсатты, жүйелі зерттеудің эмперикалық әдісі.

Өзін-өзі бақылау – адамның рефлексстік ойлау негізінде өзін-өзі бақылау әдісі (өзін-өзі бақылау объектісі мақсаттар, мінез-құлық түрткісі, қызметінің нәтижесі бола алады).

Әңгімелесу – педагогикалық психологияда (және педагогикалық тәжірибеде) адам туралы оны мен қарым-қатынас жасау, оның мақсаты бағытталған сұрақтарға жауаптарының нәтижесінде мәліметтер алудың эмперикалық әдісі.

Сұхбат – әңгімелесудің ерекше түрі ретінде, ол туралы хабарлар, сұхбат алынап отырған адам туралы ақпарат алу үшін ғана емес басқа да адамдар, оқиғалар, т.б. туралы мәліметтер алу үшін қолданылады.

Сауалнама – арнайы дайындалған жауаптар және зерттеудің негізгі міндетіне сәйкес сұрақтар негізінде ақпарат алудың эмпирикалық әлеуметтік-психологиялық әдісі.

Эксперимент – ғылыми зерттеудің педагогикалық психологияда кеңінен таралған эмпирикалық әдісі.

Социометрия – Я.Морено әзірлеген топ ішілік, тұлға аралық байланыстарды зерттеудің эмперикалық әдісі.

Зерттеу әдістерін зерттеуінің іс-әрекетінің сипатына қарай Б.Г.Ананьев төрт топқа бөледі:

1. Ұйымдастырушылық әдістер (салыстырмалы, лонгитюдтік, кешенді).
2. Эмперикалық: а) обсервациялық әдістер (байқау, өз-өзін байқау); ә) тәжірибелік әдістер (лабораториялық, табиғи, қалыптастырушы немесе психологиялық-педагогикалық), б) психодиагностикалық (стандартты және проекциялық тестілер, анкеталар, социометрия), в) праксиметриялық әдістер, яғни қызмет процесі мен нәтижесін талдау тәсілдері (хронометрия, циклография, жұмыстарды бағалау), д) модельдеу әдістері (математикалық, кибернетикалық т.б.), г) биографиялық әдістер (адамның өмірін көрсететін деректер, даталар, оқиғаларды талдау).
3. Мәліметтерді жинақтау: оған сандық және сапалық талдау әдістері жатады.
4. Интерпретациялық әдістер: оған генетикалық және құрылымдық әдістер жатады.

№2 дәрістің тақырыбы: Педагогикалық психологияның негізгі бағыттары. Педагогикалық психологияның зерттеу әдістері.

Ғылыми білімнің көптеген салаларының қалыптасуы гетерогенді және гетерохронды, тіпті уақытқа қарай үзілген процесс болып табылады. Бұл әдетте, әлемде болып жатқан ірі қоғамдық-тарихи (революциялар, соғыстар, аппараттық сүргіндер) оқиғалармен түсіндіріледі. Олар ғылыми дамудың мазмұны мен бағытына елеулі әсер етеді.

Алғаш рет Ян Амос Коменскийдің 1657 жылы «Ұлы дидактика» еңбегінде жазылған педагогикалық ойлар, педагогикалық теорияның және мектептегі оқытуды мақсатты ұйымдастырудың дамуына жол бастады. Бұл еңбекті педагогикалық психологияның 250 жыл бойы ұзақ қарама-қайшылықты дамуының алғашқы алғы шарты ретінде қарастыруға болады, өйткені тек XIX ғасырдың аяқ кезінен бастап дербес ғылым ретінде қалыптаса бастады. Педагогикалық ғылымның бүкіл қалыптасу және даму жолын үлкен үш кезеңдермен көрсетуге болады:

Бірінші кезең. XVII ғасырдың ортасынан XIX ғасырдың аяғына дейін. Песталоццидің айтуы бойынша, «педагогиканы психологияландыруды сезіну қажеттілігіне» қарай жалпы дидактикалық деп айтуға болады. Бұл кезең ең алдымен, Ян Амос Коменскийдің (1592-1670), Жан-Жак Руссо (1712-1778), Иоганн Песталоцци (1746-1827), Иоганн Гербарт (1776-1841), Адольф Дистервег (1790-1866), К.Д.Ушинский (1824-1870), П.Ф.Каптеревтің (1824-1870) есімдерімен көрсетілуі мүмкін. Бұл ойшыл-педагогтардың педагогикалық психологияның дамуына қосқан үлестері өздері

Ф ҚазҰПУ 703-12-11 Блім алушыларға арналған пәннің оқу-әдістемелік кешені.

қарастырған мәселелермен анықталады: даму, оқу және тәрбие байланысы, оқушының шығармашылық белсенділігі. Баланың қабілеттілігі және оны дамыту, мұғалімнің рөлі, оқытуды ұйымдастыру және көптеген басқа мәселелер.

Бірінші алғы шартты кезең, бір жағынан, И.Ньютонның механистикалық түсінігінің басымдылығымен, Ч.Дарвиннің эволюциялық идеяларымен, Дж.Локктың психикалық өмірді ассоциативтік түсіну- психикалық өмірдің негізін сезімдік әсерлену құрайды деген ежелден дамып келе жатқан ілім-сенсуализммен сипатталады. Бұл кезең, педагогикалық болмысты байқау, талдау және баға беруге негізделген ойша жорытылға, қисынды құрылған жорытпалар кезеңі.

Екінші кезең. XIX ғасырдың аяғынан XX ғасырдың ортасына дейін созылған. Бұл кезеңде педагогикалық психология алдыңғы жүзжылдықтың педагогикалық ойларының жетістіктерін пайдаланып, психологиялық, психофизикалық эксперименталдық зерттеулердің нәтижелеріне бағыттталып, дербес сала болып қалаптаса бастады. Педагогикалық психология эксперименталдық психологияның қарқынды дамуымен бірге дамып, қалаптаса бастады, нақты педагогикалық жүйелер құрылып, жете зерттелумен болды. Мысалы, М.Монтессори жүйесі.

Шынайы психологиялық мәселелер, есте сақтау ерекшеліктері, тіл дамыту, зерде дамыту, дағды қалыптастыру ерекшеліктері және т.б. А.П.Нечаевтің, А.Бине мен Б.Анридің, Э.Мейманның, В.А.Лайдың жұмыстарында, Э.Клапередтің зерттеулерінде ұсынылды. Үйрету тәртібінің ерекшеліктерін эксперименталдық зерттеу (Дж.Уотсон, Э.Толмен, Э.Газри, К.Халл, Б.Скиннер), бала тілін дамыту (Ж.Пиаже, Л.С.Выготский, П.П.Блонский, В.Штерн және т.б.), Вальдорф мектебі мен Монтессори мектебінің арнайы педагогикалық жүйелерін дамыту психология ғылымының осы саласының қалыптасуына үлкен әсерін тигізді. Аталған кезең ерекше психологиялық-педагогикалық бағыт – педологияның қалыптасуымен сипатталады.

Педагогикалық психологияның құрылуының осы негізгі кезеңінде қалыптасқан ғылым ретінде дербестілігі туралы тек психодиагностиканы пайдалану, мектеп зертханаларының, эксперименталдық-педагогикалық жүйелер мен бағдарламалардың кеңінен таралуы, педологияның пайда болуы ғана емес, 50-жылдардан бастап педагогикалық психология дамуының үшінші кезеңінде жүзеге асырыла бастаған, білім беру процесін ғылыми рефлексиялау талпыныстары, оны теоретикалық тұрғыдан түсіну мағыналығы дәлел бола алады.

Үшінші кезең. Педагогикалық психологияның теоретикалық негіздерін құру кезеңі болады. Мысалы, 1954 жылы Б. Скиннер бағдарламаландырылған оқыту идеясын ұсынды, ал 60-жылдары Л.Н.Ланда оны алгоритмдеу теориясын ұсынды. В.Оконь мен М.И.Махмутов проблемалық оқытудың біртұтас жүйесін құрды. 50-жылдары П.Я.Гальпериннің, соңынан Н.Ф.Талызинның алғашқы басылымдары пайда бола бастады, онда педагогикалық психологияның негізгі жетістіктері мен болашағын бойына сіңірген, ой әрекетінің сатылап қалыптасу теориясының негізгі позициялары берілді.

Педагогикалық психологияда мүлдем жаңа бағыт – суггестопедияның, Г.К.Лозановтың суггестологиясының (60-70 жж.) пайда болуы назар аударуды қажет етеді. Осы кезеңде педагогикалық психологияның өз дамуында компьютерлік техниканы пайдаланып жаңа сатыға көшуінің алғы шарттарның қалыптасуы адамзаттың XX-ғасырға-Адам ғасыры, гуманитарлық дәуір ғасырына көшудің глобалды проблемаларын шешумен астарласы жатыр. Осы кезеңде С.Л.Рубенштейн «Психология негіздерінде» оқу-білімді меңгеру деген жан-жақты сипаттама берді. Меңгеруді ары қарайәртүрлі тұрғыдан Л.Б.Ительсон, Е.Н.Кабанова-Меллер және т.б. ежіктеп зерттеген болатын. Ол сонымен қатар, Н.А.Менчинскаяның және Д.Н.Боголяленскийдің жұмыстарында (білімді экстериоризациялау тұжырымдамасының шеңберінде) көрініс тапты. 1970 жылы жарық көрген Й.Лангардтың «Адамдық оқудың процесі мен құрылымы» атты кітабында және 1986 жылы шыққан И.И.Ильясовтың «Оқу процесінің құрылымы» атты кітабы осы салада

күрделі теоретикалық қорытулар жасауға мүмкіндік берді. Осы кезеңде оқуда белгілі бағыттар қалыптасты. Осы бағыттардың шеңберінде ортақ мәселелер де айқындалды:

- 1) оқыту түрлерін белсендіру;
- 2) педагогикалық еңбектестік;
- 3) қарым-қатынас;
- 4) білімді меңгеруді басқару;
- 5) мақсат ретінде оқытылатын субъектіні дамыту.

Педагогикалық психология — жалпы, жас ерекшелік, әлеуметтік психология, тұлға психологиясы, теоретикалық және практикалық педагогикаға негізделінген білімнің пәнаралық дербес саласы болып табылады. Оның өзінің жеке пайда болу және даму тарихы бар, оны талдау-зерттеу пәнінің мәні мен ерекшелігін түсінуге мүмкіндік береді.

№ 3 дәрістің тақырыбы. Психикалық даму және оқыту мәселелері. Әлеуметтік тәжірибені меңгерудің жас ерекшеліктері.

Қазіргі уақытта барлық салада интеграциялау үрдісі жүріп жатқаны белгілі, бұл құбылыстан Қазақстандағы білім беру жүйесі де сырт қалмауда. Білім және ғылым саласының қоғам өміріндегі маңызының өзгеруі пайда болатын жаңа өркениеттің басталуы.

Білім берудің мазмұнының теориялық негізі XVIII ғ. соңы XIX—басында қалыптасқан. Олар материалдық және формалдық деп аталған, біріншіден дидактикалық материализм немесе энциклопедизм теориясы деп атаған. XIX ғасырдың белгілі педагогтары білім берудің мазмұнын қалыптастыруда материалдық теорияны жақтады. Бұл тұжырымдама бүгінгі күнде де өз жақтастарын тапты. Кейбір ақпаратқа толы оқулықтар мен бағдармалардың мазмұнына талдау жасағанда оқушылардың меңгеруі өте қиын болатындығы айғақталды. Білім беру мазмұны формальдық теория бойынша немесе дидактикалық формализм, оқытудың құралы, оқушылардың танымдық қызығушылық және даму қабілеті ретінде қарастырды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Жолдауында XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелетінін ескерткендей, еліміздің білім беру жүйесін дамыту үрдісін дүниежүзінің өркениетті елдердің білім жүйелерімен салыстыра қарасақ көптеген еңбектер керек екені айқындала түседі. Болашақ педагог мамандар еліміздегі білім беру жүйесінің жаңа талаптарына сай даярлануы қажет және ондағы мәселелерді жетік біліп, шет елдік тәжірибелерді алмасуға қабілетті және әлемдік деңгейде білікті болуы шарт.

Білім беру заңында мынандай негізгі ұғымдар пайдаланады: адъюнктура-әскери оқу орындарында біліктілігі жоғары ғылыми педагог кадрлар даярлау нысаны, академия - жоғары кәсіптік білім ен жоғары оқу орнынан кейін кәсіптік білімнің білім бағдарламаларын іске асыратын, білім беру ұйымдарын акредитациялау, білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестациялау, педагогикалық қызметкерлерді аттестациялау, гимназия, мемлекеттік атаулы стипендия, мемлекеттік білім беру тапсырысы, бірыңғай ұлттық тестілеу, кешенді тестілеу, аралық мемлекеттік бақылау және т.б.

Халыққа білім беру жүйесінің міндеттерін жүзеге асыру білім берудің мемлекеттік саясат принциптеріне тәуелді. Білім беру жүйесі мынандай құрылымнан тұрады: үйелмендік тәрбие, мектеп жасына дейінгі тәрбие, жалпы орта білім, мектептен тыс тәрбие мен оқыту, кәсіптік-техникалық білім, орта арнаулы білім, жоғарғы білім, арнаулы білім мекемелері, жоғары оқу орнынан кейінгі білім, кадрлардың біліктігін арттыру және оларды қайта даярлау, қосымша білім беру.

Білім беру процесі көп жоспарлы және полиморфты өзара әрекет болып табылады. Бұл оқушы мен мұғалімнің (студент пен оқытушының) оқуы, дәлірек айтсақ, оқу-педагогикалық өзара әрекеттесуі; бұл сонымен қатар, тұлға аралық өзара әрекеттесу, ол оқу-педагогикалық өзара әрекетке түрліше әсер ете алады.

Қазіргі кезде оқу-педагогикалық өзара әрекет еңбектестіктің іскерлік, рөлдік ойын, бірігіп-таратылған іс-әрекет, триадалардағы, топтардағы, тренинг-сабақтардағы жұмыс сияқты ұйымдастырушылық формаларына ие болды.

№ 4 дәрістің тақырыбы: Қазіргі кездегі білім беру процесі. Педагог және оқушы – білім беру процесінің субъектілері.

Педагогикалық психологияда ХХ ғасырдың басына дейін ассоциациялы теория басым болды, ал одан кейін оқытудың 5 түрлі теориясы пайда болды.

1. Оқытудың когнитивтік теориясы.
2. Оқытудың қызметтік теориясы.
3. Оқытудың тұлғалық-қызметтік теориясы.
4. Оқытудың құрылымдық-функционалды теориясы.
5. Оқытудың даралық-бағалау теориясы.

Оқытудың когнитивтік теориясы танымдық процесіні зерттеуге бағытталған. Когнитивті теорияны екі топқа бөлуге болады. Бірінші топты ақпараттық теориялар құрайды. Онда оқыту ақпараттық процесінің түрі ретінде қарастырылады. Когнитивті теорияның екінші тобы процесіні негізгі психикалық функциялардың: қабылдау, ес, ойлау т.б. көмегі арқылы сипаттауға тырысады. Бұл теорияның негізін қалаған Дж.Брунер болатын. Өзінің зерттеу жұмыстарында ол білім мен біліктің байланысына көп мән берді.

Пәнді меңгеру процесін сипаттай отырып, ол бір мезгілде жүретін үш процесіні анықтады:

1. Жаңа ақпарат алу;
2. Алынған білімді қорыту, оларды кеңейту, жаңа тапсырмаларды орындауға қолдану;
3. Тапсырманың қолданылған әдістерге сай келуін тексеру.

Оқытудың қызметтік теориясы үш негізгі принципке негізделеді.

1. Адам қызметі оның психикасымен үздіксіз байланыста болуы;
2. Қызметтің адамның қоршаған ортамен өзара іс-әрекет процесі ретінде қарастырылуы;
3. Субъектінің өмір сүруі оның қоршаған ортамен өзара іс-әрекет процесінде белгілі бір міндеттерді шешуді қамтамасыз етуі.

Оқытудың қызметтік теориясын жаңаша тұрғыда Л.С.Выготский қарастырды. Оның зерттеулері бойынша, психиканы арнайы бірліктерге өзінің қасиеті мен ерекшеліктерін сақтай отырып жіктеуге болады. Іс-әрекеттің қызмет сияқты құрылымы болады: мақсат, себеп, объект және т.б. Іс-әрекет қызмет сияқты субъектіге бағытталған және нақты бір жеке адамның белсенділігі ретінде көрінеді.

Оқытудың тұлғалық-қызметтік теориясы 90-жылдарда қалыптасып, негізінен оқу қызметін ұйымдастыру мен басқаруға бағытталған. Бұл оқыту теориясының негізгі компоненті - оқытуда оқушы негізгі роль атқарады. Оның мотивтері, мақсаттары, психикалық құрылымы негізге алынады. Тұлғалық-қызметтік теориядағы тұлғалық компонентте кез келген оқу пәнін жүргізу процесінде оқушының ұлттық, жас ерекшелік, жыныстық, жеке психологиялық, статустық ерекшеліктері есепке алынады.

Тұлғалық-қызметтік теория бойынша оқушының белсенділігі қалыптасады, оның оқу қызметіне дайындығын және сенімді қарым-қатынаста әртүрлі мәселелерді шешудегі дайындығын қалыптастырады.

Оқытудың құрылымдық-функционалды теориясының негізін қалаған И.Лингарт болды. Оның теориялық зерттеулері оқыту процесінің келесі құрылымдық компоненттері мен функционалды ерекшеліктерін сипаттауға мүмкіндік берді:

1. Оқыту – бағдарлы-зерттеу қызметі ретінде;
2. Активация және мотивация мәселелері;

3. Антиципация (қабылданатын затты күні бұрын елестету) және мақсатты көріністер;

4. Оқыту мәселелерін шешу;

5. Әлеуметтік оқыту және топтық ережелер.

Бағдарлы-зерттеу қызметі ойын мен оқытудың қарапайым түрлерінің негізін құрайды. Оқытудың қарапайым түріне инструментальды-моторлық оқыту жатады, оны қамтамасыз ететін факторлар:

1. Қызметке деген қатынасқа бағыттайтын нұсқау;

2. Жетістік күту және орындалатын іс-әрекетті бағалау;

3. Белсенді оқытудың негізі белгісі ретінде көрінетін бекіту әдісі;

4. Қызметтің барысы мен нәтижесі туралы кері байланысты алу;

5. Қызметтің мазмұны тұрғысынан бағаланатын жетістік немесе кемшілікке деген көзқарас.

Оқытудың құрылымды-функциональдық теориясы оқыту процесін терең зерттеп қарастырады, ол үшін оқыту процесі білім беру қызметінің субъектісі болуы қажет, педагогикалық ситуацияларды құрастыру және оқытудың ішкі және сыртқы мотивтерін қанағаттандыруы қажет.

Оқытудың даралық-бағалау теориясы Л.С.Выготскийдің психикалық даму деңгейі туралы идеяларынан туындап, пайда болды. Бұл теория негізінде оқушының тұлғасы мен қабілеттерін дамытудағы негізгі факторлар әрбір оқушының оқу мотивтерін өзіне ыңғайлы жылдамдықта меңгеруге мүмкіндік беру болып табылады.

Дифференциалды сыныптар жүйесі 4 типті сыныптан тұрады. Олар бастауыш сыныптарда жинақталып, құрылады.

1-тип: жас ерекшелік нормасына сай сынып, мұнда балалардың ақыл-ой дамуы олардың паспорт мәліметтеріне сай болады. Бұндай балалар жалпы 1 сынып оқушыларының 65%-ын құрайды. Оқыту оларда қазіргі бағдарламалар бойынша жүзеге асады.

2-тип: жеделдетілген оқыту сыныбы. Бұл сынып ақыл-ой дамуы жоғары деңгейде жетілген балаларға арналған. Бұндай балалар 15-20 %-ды құрайды. Оқыту жеделдетілген бағдарлама бойынша жүзеге асады.

3-тип: бұл сыныптар жоғары деңгейлі зейін және көңіл аударуды қажет етеді. Мұнда оқу-тәрбие процесі жалпы бағдарлама бойынша жүргізіледі, бірақ оқушы саны 16-18-ден аспайды.

4-тип: психикалық дамуында ауытқуы бар балалардан құралған сынып. Бұндай балалар 2-3 %-ды құрайды, сыныптағы оқушы саны 12-ден аспайды.

№ 5 дәрістің тақырыбы: Оқыту психологиясы. Оқыту стратегиясы

Соңғы 20 жылда педагогикалық психологияда негізгі ұғымдардың мазмұны туралы бірыңғай пікір қалыптасты: білім беру, білімділік, оқу қызметі, оқу процесі, оқыту, үйрету т.б. Білім беру ұғымын жүйе, процесс және нәтиже ретінде қарастыруға болады. Білім берудің нәтижесі білімділік болып саналады, себебі адамның білімі мен біліктерінің, интеллектуальды қасиеттерінің жиынтығы оған қоршаған ортада бейімделуге мүмкіндік береді.

Оқу қызметі — оқушының білім, білік, дағдыларын меңгеру үшін мұғалімнің педагогикалық және бірлескен қызметі.

Оқыту — объективті түрде, оқушыдан тыс, қоғамдық тарихи тәжірибеде тұрақталған ғылыми тұрғыда өмірлік бейнелерді қабылдаудың әлеуметтік ұйымдасқан нормативі. Педагогикалық тұрғыдан оқыту - оқушының санасына танымдық бейнелерді ендіруге бағытталған әсер ету жүйесі.

Үйрету — оқушының өзіндік тәжірибесін қайта өңдеу, қайта ойлау және меңгерудің күрделі ұйымдасқан процесі және оқытудың ықпалы арқылы оны өзгерту процесі.

Ф ҚазҰПУ 703-12-11 Білім алушыларға арналған пәннің оқу-әдістемелік кешені.

Осы үш ұғым оқу процессінің мазмұнын құрайды. Оқу процесі – білім беру қызметінің екі субъектісі, мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы арқылы ұйымдастырылған өзара іс-әрекеті.

Оқытудың Р.С.Немов, И.А.Зимняя, Н.Ф.Талызина және т.б. қарастырған бірнеше түрі бар:

1. Адамды басқа тірі организмдермен байланыстыратын оқыту түрі. Бұл оқыту түрі – импринтинг механизмі арқылы, яғни тез, жедел түрде оқыту арқылы жүзеге асады. Мысалы: жаңа туылған баланың жұдырығын жұмуы, ему рефлексі.

2. Шартты-рефлекстік оқып үйрету түрі – негізін қалаған И.П.Павлов. Бұл оқыту түрі шартты рефлекстер негізінде мінез-құлықтың жаңа белгілерінің пайда болуына мүмкіндік береді.

3. Оперантты оқып үйрету түрі – білім, білік, дағдылар тәжірибе мен қателер әдісі арқылы меңгеріледі. Бұл оқыту түрі адамға болып жатқан оқиғаны жедел түрде бағалауға мүмкіндік береді.

4. Оқып үйретудің викарлы түрі – басқа адамдарға тікелей бақылау жүргізу арқылы тез арада мінез-құлық белгілерін қабылдап, меңгеру жүзеге асады.

5. Оқытудың вербальды түрі – тілдік қарым-қатынас арқылы адамның жаңа тәжірибені меңгеруі.

Оқу процесінде оқытудың механизмдері қолданылады:

1. Ассоциацияларды қалыптастыру. Бір белгілі білім немесе жеке тәжірибе арасындағы өзара байланыс құруға қолданылады.

2. Еліктеу. Бұл білік пен дағдыны қалыптастыруға қолданылады.

3. Салыстыру және қорыту. Бұл негізгі ұғымдарды қалыптастыруға байланысты қолданылады.

4. Инсайт. Адамның белгілі бір жаңа ақпаратты тікелей қарыстыруы.

5. Шығармашылық. Жаңа білім, білік және дағдыларды құруға негіз болып табылады.

Жаңа білім беру жүйесінде оқытудың жаңа мақсаттары, құралдары мен әдістері пайда болды.

Мақсаты: оқушының тұлғасын қалыптастыру және дамытуға ықпал ету;

Негізгі құралдары: өзектілік, ойлау қызметін ұйымдастыру, жобалау;

Қарым-қатынас әдістері: түсіндіру, ұжымдық ойлау қызметі, бірлескен қызмет.

Оқу қызметінің негізгі компоненттері: оқу тапсырмаларының мотивациясы, іс-әрекет пен қимылдар, бақылау мен бағалау, бұлардың бәрі бір мезгілді оқу-педагогикалық актіні білдіреді.

Оқу қызметінің құрылымы педагогтың қызметіне сай оқушының сатылы іс-әрекеттерінен тұрады.

1. Дайындық кезеңі

2. Білімді меңгеру кезеңі

3. Нәтижені қорытындылау кезеңі

№ 6 дәрістің тақырыбы: Тәрбие психологиясы. Тәрбие және оның заңдылықтары

Тәрбие - өскелең ұрпақтың қоғамдық өмір мен еңбек өнімділігін дайындау мақсатында қоғамдық-тарихи тәжірибені меңгеру үшін әлеуметтік, мақсатты бағытталған жағдай жасау процесі (материалдық, рухани, ұйымдастырушылық). Тәрбиеге кең мағынасында анықтама берсек, тәрбие – қалыптастыру негізінде жеке адамды мақсатты бағытталған тұрғыда қалыптастыру: 1) қоршаған дүниенің заттары мен құбылыстарына белгілі қарым-қатынастары арқылы; 2) дүниетанымы арқылы; 3) мінез-құлық арқылы. Тәрбиенің бірнеше түрлері бар: ақыл-ой, адамгершілік, дене, еңбек, эстетикалық т.б.

Тәрбие мақсаттары – қоршаған дүниеге ғылыми көзқарастары бар, еркіндік, демократия, ізгілік, әділеттілік идеалдарын жоғары қоятын жеке адамды қалыптастыру болып табылады. Қазіргі заманғы тәрбиенің негізгі мақсаты жан-жақты және үйлесімді дамыған жеке адамды қалыптастыру болып табылады.

Европа, Америка, Жапонияда тәрбиенің әртүрлі теориялары бар. Алғашқы теориялар бойынша, тәрбие қоғамның талап етілген қасиеттерін жеке адамда қалыптастыру және оқушыларға қатаң түрде басшылық жасау ретінде қарастырылады. Бұл тәрбие теориясын авторитарлы және технократиялық педагогика деп атауға болады. Технократиялық авторитарлы педагогика теориясы бойынша, мектеп пен қоғамның тәрбие жүйесінің міндеттері өмірге және аталған қоғамдық жүйеге бейімделіп, әлеуметтік рольдерді орындауға дайын жеке адамды қалыптастыру болып саналады. Бұл теория бойынша, тәрбие мінез-құлықтың модификациясы және «дұрыс» мінез-құлық дағдыларын меңгеру ретінде түсіндіріледі.

Екінші тәрбие теориясын гуманистік педагогика деп атауға болады. Гуманистік педагогиканың тәрбие үлгілерінің негізінде АҚШ-да 50-60 жылдары А.Маслоу, Франк, Роджерс, Колли, Комбс т.б. еңбектерінде дамыған гуманистік психологиядағы бағыттары бар. Гуманистік педагогиканың негізгі ұғымдары ретінде, «адамдардың өзіндік көкейкестілігі», «тұлғалық өсуі», «дамытушы көмекті» алуға болады. Жеке адам қызмет пен бірлескен іс-әрекетке ерікті бағыттылығымен ерекшеленетін күрделі автономиялық жүйе ретінде түсіндіріледі. Өзіндік көкейкестілік – жеке адамның қызмет, адамдармен қарым-қатынаста өзін жүзеге асыру. Мектеп пен тәрбиенің міндеті – жеке адамның өзіндік даралығын табуына ықпал ететін дамыту мен өзіндік дамытуына мүмкіндік беру болып табылады. Гуманистік педагогикада тәрбиені оқушыларды адамгершілік таңдауды талдауға берілетін материалды ұсыну арқылы жүзеге асыру тиімді болып саналады. Бұндағы тәрбие әдістеріне пікірталас, ситуацияларды талқылау, кикілжіндерді талдау және шешу жатады.

Тәрбиенің педагогикалық заңдылықтары - кез келген жағдайдағы жалпы тұрақты қасиеттері бар, тәрбие процесінің объективті түрдегі шынайы бейнесі. Тәрбиенің келесі заңдылықтарын анықтауға болады:

- баланың тәрбиесі жеке адамның әлеуметтік-психологиялық құрылымы негізінде оның белсенділігі арқылы қалыптасады. Кез келген тәрбие міндеті белсенді іс-әрекет арқылы шешіледі, дене дамуы – дене жаттығулары арқылы, адамгершілік – басқа адамдардың сезіміне тұрақты бағдар арқылы, интеллектуалды – ойлау белсенділігі арқылы;
- тәрбие процесіндегі баланың іс-әрекетінің мазмұны оның өзекті қажеттіліктерімен анықталады;
- бала мен мұғалімнің бірлескен іс-әрекетіндегі пропорциональды іс-әрекеттерін сақтау. Бірлескен іс-әрекет баланың өзін қызмет субъектісі ретінде сезінуіне көмектеседі;
- бала тек махаббат пен қорғаныс жағдайында еркін және ерікті өзінің қатынасын білдіре алады және дамиды. Сондықтан тәрбие өзінің мазмұнына балаға деген сүйіспеншілік көрсетуді, түсіну шеберлігін, балаға көмекті, оның кемшіліктерін кешіруді, қорғауды енгізеді;
- ұйымдастырушылық іс-әрекет белгілі бір жағдайда жетістікке жетуі қажет. Ситуацияның жетістігі – баланың іс-әрекетке қатысуда ішкі қанағаттану сезімі мен жетістікке субъективті түрде қанағаттану сезімі;
- тәрбиенің жасырын сипаты болуы қажет, бала өзін педагогикалық іс-әрекеттің объектісі ретінде сезінбеуі керек. Педагогтың жасырын позициясы бірлескен іс-әрекетпен, педагогтың баланың ішкі дүниесіне қызығушылығымен қамтамасыз етіледі.

Тәрбие принциптері - әртүрлі жағдайларда іс-әрекеттің кезектестігін талап ететін жалпы жетекші ережелері. Негізгі принциптер:

Ф ҚазҰПУ 703-12-11 Блім алушыларға арналған пәннің оқу-әдістемелік кешені.

- тәрбиенің 1 принципі тәрбие мақсатынан туындайды және тәрбие процесінің табиғатын, яғни оның құндылық қатынастарға бағдарын есепке алады. Бағдар принципінің құндылық қатынастарын жүзеге асырудың шарты ретінде педагогтың философиялық және психологиялық дайындығы алынады;
- тәрбиенің 2 принципі субъектілік принципі деп аталады - педагог баланың өзіндік «Менін» саналы түсіну қабілетінің дамуына барынша ықпал етеді және басқа адамдармен, байланыста өзінің іс-әрекетін ойлауға, өмірлік шешімдер қабылдауға үйретеді;
- тәрбиенің 3 принципі әрбір баланың жеке басының ерекшеліктерін, өмірлік ережесі мен әлеуметтік нормаларын үйлестіруден туындайды.

Осчы үш принциптің бірлігі тәрбиеге үйлесімді сипаттама береді: философиялық, диалогтық, этикалық. Олар бір-бірімен тығыз байланысты.

Тәрбиелік әсер ету әдістері – тәрбиеленушілердің бірлескен іс-әректте педагогикалық міндеттерді шешуде және олардың педагогтармен қарым-қатынасындағы санасына, сезімдеріне, мінез-құлқына әсер етудің нақты тәсілдері.

Тәрбие әдістерін тәрбие құралдарынан бөлек қарастыру қажет. Тәрбие құралдарына педагогикалық міндеттерді шешуге қолданылатын материалдық және рухани мәдениеттің заттары енеді. Тәрбие әдісі педагог-тәрбиешінің іс-әрекеті арқылы жүзеге асады.

Педагогтың практикалық жұмысына келесі тәрбие әдістері ең маңызды және қажет:

1. сендіру әдістері – олардың көмегі арқылы тәрбиеленушілердің көзқарастары, түсініктері, ұғымдары қалыптасады және ақпарат алмасу процесі жүреді (иландыру, баяндау, диалог, дәлелдеу, сендіру, шақыру);
2. жаттығу әдістері – олардың көмегі арқылы тәрбиеленушілердің іс-әрекеті ұйымдастырылады және оның жағымды мотивтері қанағаттандырылады (талап, тапсырма, жарыс, үлгі түріндегі тапсырмалардың жеке және топтық түрлері);
3. бағалау және өзіндік бағалау әдістері – олардың көмегі арқылы іс-әрекет ынталандырылады, тәрбиеленушілерге өздерінің мінез-құлқын түзетуге көмек беріледі, іс-әрекеттеріне баға беріледі (сын, мадақтау, жазалау, сенім білдіру ситуациясы, тексеру, өзіндік тексеру, өзіндік сын).

Тәрбие формалары – оқушылардың ұжымдық және жеке іс-әрекеттерін мақсатты ұйымдастыру және тәрбие процесін ұйымдастыру жолдары. Бұнда тәрбиелік іс-шаралар және тәрбиенің ұйымдастырушылық формалары деген терминдер қолданылады. Іс-шара – ұжымның белгілі бір тәрбиелік мақсатқа жетуге бағытталған ұйымдастырылған іс-әрекеті.

Тәрбие жұмыстарының кең тараған формалары көпшілік формасы, үйірмелік-топтық және жеке формалары болып табылады. Адамгершілік тәрбиесінің міндеттерін жүзеге асыруда диспут, дөңгелек үстел, этикалық тақырыптағы әңгіме, телекөпір, қайырымдылық актілері, әдеби-музыкалық композиция т.б. қолданылады.

Арнайы ұйымдастырылған тәрбие іс-әрекет арқылы қалыптасады, жеке адамға белгілі әсер ету және ықпал ету әдістері арқылы жүзеге асады. Тәрбиелік ықпал ету жеке адамда ішкі жағымды қатынасында өзіндік белсенділігін арттырса, оның тиімді дамытушы және қалыптастырушы әсері болады.

Бұл тұрғыда тәрбие деп жеке адамның қоғамдық тәжірибені меңгеруде (білім, практикалық біліктері мен дағдылары, шығармашылық іс-әрекет тәсілдері, әлеуметтік және рухани қатынастар) әртүрлі іс-әрекетін ұйымдастырудың мақсатты және саналы педагогикалық процесс түсіндіріледі. Аталған тәсіл жеке адамның дамуында тәрбиенің іс-әрекеттік тұжырымдамасы деп аталады. Бұл тұжырымдаманың маңыздылығы өскелең ұрпақты әртүрлі іс-әрекет түрлеріне енгізуде қоғамдық тәжірибені меңгеруде баланың белсенділігі арқылы тәрбиелік іс-әрекетті жүзеге асыруға болады. Тәрбие процесінде баланы өзін-өзі тәрбиелеуді жүзеге асыруға итермелеу қажет. Бала туғаннан бастап белсенді және даму қабілетімен туылады. Сондықтан жеке адамның дамуының рухани

факторлары ретінде өзін-өзі тәрбиелеу, өзіндік білім алу, өзін-өзі оқыту, өзін-өзі жетілдіру алынады.

Өзін-өзі тәрбиелеу – жеке адамның дамуын қамтамасыз ететін ішкі рухани факторлары арқылы тәжірибені меңгеру процесі. Тәрбие өзін-өзі тәрбиелеусіз мүмкін емес, оларды бір процестің екі жағы ретінде қарастыру қажет.

Өзіндік білім алу - өзіндік дамуға бағытталған тәжірибені меңгерудегі ішкі өзіндік ұйымдасуының жүйесі.

Өзін-өзі оқыту – жеке адамның өзіндік талпыныстары мен таңдаған құралдары арқылы тәжірибені меңгерудің тікелей процесі.

Педагогикада «өзін-өзі тәрбиелеу», «өзіндік білім алу», «өзін-өзі оқыту» ұғымдары адамның рухани және ішкі дүниесін сипаттайды. Ішкі факторлар – тәрбие, білім алу, оқыту болып табылады.

Өзіндік тәрбие – қалыптасқан идеалдар мен сенімдер және саналы мақсаттарға сай жеке адамның өзінің тұлғасын өзгертуге бағытталған адамның қызметі. Өзіндік тәрбиеде мынадай тәсілдер қолданылады: өзіндік міндет - өзіндік жетілдірудің мақсаты мен міндеттерін саналы түрде өзіне тапсыру; өзіндік есеп – белгілі бір уақыт ішінде өз бетінше жүріп өткен жолына көзқарасы; өзіндік қызметі мен мінез-құлқын түсіну – жетістік пен жеңілістердің себебін табу; өзіндік бақылау – жағымсыз нәтижелерді болдырмау мақсатында өзінің жағдайы мен мінез-құлқын жүйелі түрде реттеу.

Өзіндік тәрбие өзіндік басқару процесі арқылы жүзеге асады.

Өзін-өзі анықтау адамның өмірлік жолын, мақсаттарын, құндылықтары мен адамгершілік нормаларын, өмір жағдайы мен мамандығын саналы түрде таңдауда көрінеді. Өзіндік тәрбиенің әдістеріне өзін-өзі тану, өзін-өзі ұстау, өзін-өзі ынталандыру жатады. Өзін-өзі тану - өзін-өзі бақылау, өзін-өзі талдау, өзін-өзі салыстырудан тұрады. Өзін-өзі ұстауға өзін-өзі сендіру, өзін-өзі иландыру, өзін-өзі тексеру, өзін-өзі бекіту, өзіне-өзі бұйыру жатады. Өзін-өзі ынталандыру - өзін-өзі таныту, өзін-өзі қолдау, өзін-өзі жазалау, өзін-өзі шектеуден тұрады.

№7 дәріс: Тәрбиенің әдіснамалық мәселелері мен тәрбие принциптері.

«Тәрбие» ұғымына берілетін әртүрлі анықтамаларда онымен байланысты «даму», «қалыптасу», «элементтендіру» ұғымдары тұрғысынан да қарастыру қажет. Осы жағдайда тәрбиенің психологиялық феноменін түсіндіруге мүмкіндік туады.

«Тәрбиені» кең мағынасында баланың нақты психологиялық және тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру мақсатында оның дамуы мен мінез-құлқына әсер ететін өмірдің әр түрлі жағдайларының, ортаның және ересек адамдардың сыртқы әсері деп түсінуге болады. Тар мағынада тәрбие – баланың сезіміне әсер ету, оның өзін-өзі жетілдіруге деген ынтасы мен қызығушылығын арттыру.

«Тәрбие»- баланы элементтендіру, адамзат тәжірибесінің құралы.

Л.С.Выготский тәрбиені туа біткен мінез-құлықтың түрін өзгерту деп өз еңбектерінде айтқан болатын. «Тәрбие» ұғымын кең мағынасында талдау, дамыту және қалыптастыру ұғымдарын тәрбиенің құрамды, мақсатты элементтері ретінде қарастыру қажет. Тұлғаны дамыту – адамның типологиялық элементтік маңызды қасиеттерін қалыптастырудың сатылы процесі.

Дамыту – жайдан күрделіге, төменнен жоғарыға көтерілудің, өзгерістердің және қозғалыстардың процесін білдіреді. Дамыту – тек сандық өсу емес, ең алдымен ескі сандық көрсеткіштен жаңа көрсеткішке қол жеткізу. Психологияда дамудың әртүрлі түрлері қарастырылады, мысалы білім саласының әртүрлі пәні ретінде тұлғаның даму, психиканың дамуы, ақыл-ой дамуын алуға болады.

Психологиялық-педагогикалық сөздікте тұлғаны қалыптастыру – тұлғаны дамытудың түрі, тұлғаның психологиялық, динамикалық және функционалды құрылымын өзгерту.

Әлеуметтендіру — жеке адамның әлеуметтік қатынас жүйесінде оқыту мен тәрбие нәтижелерінің біртұтас процесі. Сондықтан әлеуметтену ұғымын тәрбие, оқыту және дамыту ұғымдарымен тығыз байланысты.

«Әлеуметтендіру» ұғымы «тәрбиелеу», «оқыту», «тұлғаны дамыту» ұғымдарымен тығыз байланысты. Әлеуметтендіру әртүрлі факторлар арқылы жүзеге асырылады. Әлеуметтендірудің мұндай факторларына мақсатты бағытталған тәрбие, оқыту және іс-әрекет пен қарым-қатынастағы кездейсоқ әлеуметтік әсерлер жатады.

Тәрбие мен оқыту тар мағынасында балаға (жеке адамға) әлеуметтік тәжірибені беру мақсатында арнайы ұйымдасқан қызмет және оның мінез-құлқындағы, ерекшеліктері мен қасиеттеріндегі белгілі бір әлеуметтік ұстанымдарын қалыптастыру болып табылады. Өзін-өзі тәрбиелеу — адамның тұлғаның жағымды қасиеттерін дамытуға бағытталған ерікті қызметі. Тәрбие мен дамытудың мақсаттары нақты әлеуметтік-мәдени ортада қалыптасқан адамгершілік нормаларына сай бағалау мен реттеуді қамтамасыз ететін тұлғаның құндылық бағдарларын, қарым-қатынастарын қалыптастыру. Тәрбие процесі тұлғаға өзін-өзі дамыту мен жетілдіруге бағытталған өзгерістерді жүзеге асыруға мүмкіндік беруі керек.

Тәрбие мақсаттары отбасы бар мемлекеттердің саяси құрылымдары мен әлеуметтік-экономикалық жағдайларымен анықталады. Жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда Р.С.Немов тәрбие мақсаттарын баланың тұлға ретінде қалыптастыру және дамыту.

Тұлғаны қалыптастыру оқыту мен тәрбиенің ішкі факторларына негізделеді, органикалық жетілу мен психикалық даму процестері қамтиды және оларды тұлғаны дамытудың біртұтас процесімен байланыстырады.

Тұлғаны қалыптастырудың бір жағын қарастыруда тәрбиені алсақ, біз оның мазмұны мен түрлерін, әдістерін анықтап алуымыз қажет, ол үшін тұлғаны тәрбие мақсаты құралы ретінде қарастыруымыз қажет.

Отандық және шетелдік психология ғылымында тұлғаны түсіндіру мен сипаттауда әртүрлі анықтамалар берілген.

Кейбір психологтар тұлға ретінде қоршаған ортадағы табиғи және әлеуметтік көріністерді біріктіретін психофизиологиялық бірлікті қарастырады. Психологдардың тағы бір бөлігі субъектінің ішкі диалогында байқалатын тұрақты ерекшеліктері бар жеке адамды тұлға ретінде қарастырады;

- тұлға туралы кең тараған пікірлердің бірі — мінез-құлықтың белгілі бір ерекшеліктері бар нақты типін қарастырады;

- тұлғаны конструкт жүйесі ұғымы арқылы тану өте сирек кездеседі. Конструкт — бұл өзгеше бір бағалау есі (мыс: жақсы - жаман);

- сыртқы әсерлер мен ішкі қобалжуларды реттеудің жеке әдістерімен тұлғалық маңызының жүйесі;

- субъектінің «мені», оның мінез — құлқының белгілі бір жүйеге келтіретін бағыттылығының, қарым- қатынастарының, маңызды құрылымдарының, жоспарларының жүйесі.

Тұлға ұғымы көп мақсатты, тұлғаны объект ретінде көптеген ғылымдар: философия, әлеуметтану, психология, этика, эстетика, педагогика т.б зерттейді. Осы ғылымдардың әрқайсысы тұлғаны өзінің спецификалық аспект тұрғысында қарастырады.

Тұлғаның көрінуін 3 құрамға бөлуге болады:

1. Жеке адам (индивид);
2. Персона;
3. Индивидуальность (жеке, өзгеше).

Тұлға — табиғатты, қоғамды және өзін белсенді менгеріп, мақсатты өзгертуші адам. Тұлғаның маңызды бағыттылығын, оның әлеуметтік құнды-лығын 5 түрлі бағытты потенциалмен анықтауға болады.

1. Гносеологиялық (танымдық) потенциал тұлғаның ақпарат көлемі мен сапасын анықтайды.

Ф ҚазҰПУ 703-12-11 Блім алушыларға арналған пәннің оқу-әдістемелік кешені.

2. Аксиологиялық (құндылық) потенциал тұлғаның адамгершілік, саяси, діни, эстетикалық сферадағы құндылық бағдарлар жүйесін әлеументтендіру жүйесімен анықталады.

3. Шығармашылық потенциал тұлғаның белгілі бір қызмет немесе қарым – қатынастағы білік пен дағдыларымен анықталады.

4. Коммуникативті потенциал тұлғаның басқа адамдармен қарым – қатынаста байланыстың беріктігімен, мінезімен, еркін қарым – қатынасқа бару дәрежесімен анықталады. Эстетикалық потенциал тұлғаның көркемдік қажеттіліктерінің деңгейі мен үздіксіздігімен анықталады. Тұлғаның эстетикалық белсенділігі шығармашылықта жүзеге асады.

№ 8 дәрістің тақырыбы: Тәрбие процесіндегі девиантты балалар мәселесі.

Мінез-құлықтағы қиындық және «қиын» балалар ұғымы 1920-1930 жылдары пайда бола бастады. Психолог педагог ғалымдар А.Макаренко, С.Шацкий, Л.Выготский, П.Блонский және т.б. «қиын» балалар мәселесін жан жақты зерттеді. Зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша «қиын» балалардың шығуына үш фактор себепші болады.

1. Отбасы тәрбиесінің дұрыс ұйымдастырылмауы, тұрмыстағы ұйс-керіс, маскүнемдік, ата-ананың біреуінің болмауы:

2. Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда жіберілген кемшіліктер, яғни жеке оқушылардың мінез-құлық ерекшеліктерін, ынта-ықыласын, қызуғуын, талап-тілігін ескермеу:

3. Жұртшылдық, қоғамдық ортаның тәрбие үрдістеріне дұрыс көңіл бөлмеу болып табылады.

Қоғамды алаңдатып отырған көкейкесті мәселеленің бірі - тәрбиесі қиын балалардың санының көбеюі. Ғылыми деректерге қарағанда, тәрбиесі қиын балаларда байқалатын белгілер: біріншіден, анамалды қажеттілік, екіншіден тұрақты жаман қасиеттер жиынтығы, үшіншіден ата-аналармен немесе мұғалімдермен тұрақты шиеленісу жағдайлары, төртіншіден, басқа адамның көмегінсіз өзін-өзі түзетуге қабілітсіздігі.

Сынып жетекшелері тәрбиесі қиын балалармен жүргізілетін жұмысты мына мәселелерден бастағаны жөн:

- тәрбиесі қиын оқушылардың жас және дербес ерекшеліктерін есепке алу;
- олардың кемшіліктерін терең зерттеу, психологиялық-педагогикалық және медициналық мәселелерін жете білу;
- мектептерде мақсатқа бағытталған жоспар бойынша нақты жұмыстарды дұрыс ұйымдастыру, жетілдіру;
- психолог мамандармен жиі әңгіме ұйымдастыруды дағдыға айналдыру.

Қиын оқушылардың шығу себебіне үңілсек: 1)бұған қоғамдық құлқындағы жағымсыз ерекшеліктері мен психикалық өзгеше қалыптасуынан немесе қалыпты нормадан ауытқуы; 2) қоғамдық жағдай мен өмірдегі тұрмыс жағдайы себепші болады; 3) педагогикалық тәрбиенің дұрыс болмауы.

Тәрбиелеуге қиын оқушылар мен педагогтың оқудағы қырым-қатынасын, оқушылардың қараусыз қалушылығын педагогикалық рөлдің субъектпен байланысын көрсетуінде функционалдық байланыс бар. Мектеп қабырғасындағы эпизодтық төбелес, ұрлық, мұғалім мен оқушы арасындағы жанжал, т.б. барлығы мектеп өміріндегі бұзақылық қалып. Бұзақылық сипат оқушылардың қараусыз қалушылығының педагогикалық мінез-құлқын бейнелейді.

Тәрбие жас ерекшеліктеріне қарай жүргізілсе, баланың ынтасын дамыту арқылы әдіс-тәсілдері жанартылып отырса іс нәтижелі болады. Осы орайда «Егер бала бұзақы бола бастаса, оған бұл бала кінәлі емес, педагогикалық әдістер кінәлі» деген А.Макаренконың пікірін қайта қарауға тура келеді. Пайдасыз әдістердің зиянды салдарын Ф ҚазҰПУ 703-12-11 Блім алушыларға арналған пәннің оқу-әдістемелік кешені.

түзеу үшін жан-жақты ойластырылған, ғылыми негізделген психологиялық-педагогикалық жүйе болуы керек. Р.В.Овчарова ұсынған тәрбиеден тыс қалған баланы педагогикалық түзету балармен мектепте жұмыс істеудің бір түрі болып табылады. Педагогикалық түзетудің негізгі құралдары – түсіну, мұғалім жанашырлығы, қысымды алу, тәрбиелік-оқу процесін жаңарту, баланың мәдени-ағарту мүмкіндіктерін теңдестіру. Р.Н.Овчарова көрсеткен әдістердің ішінде баланың өз мүмкіндіктеріне деген сенімін қалыптастыратын тұлғалық перспективті әдіс маңызды роль атқарады. Тәрбиеден тыс қалған баланың тұлғалық жеке типтік ерекшеліктерінің психокоррекциялау әдістеріне қозғалыс, танымдық, эмоционалды сферадағы дамуы, психогимнастикалық әдістер, өнер құрылымдары арқылы емдеу әдістері жатады. Ал ұлы Абайдың сөзі қайта тәрбиелеу ісін жігермен бастауға дем береді. Ол жеке тұлғаның қалыптасып дамуы туралы былай тұжырымдайды: «Баланың ең алдымен қоршаған ортасы, көшесі тәрбиелейді».

Жалпы «қиын» оқушыларды тәрбиелеу және оқыту қазіргі таңда психологиялық-педагогикалық проблема ретінде күн тәртібінен түспей отырғаны мәлім. Мұның өзі «қиын» оқушылар санының жылдан жылға өсіп отыруымен байланысты болып табылады. Бір уақыттарда «қиын» оқушыларға көбінесе жасөспірімдер жатқызылса, бүгінгі таңда бастауыш сынып оқушыларының арасында да осы категорияларға жататындар аз емес. Сондықтан «қиын» оқушыларды балабақша жасынанан және бастауыш кезеңнен бастап қолға алып, олардың сапалы білімімен саналы тәрбие алуларына мүмкіндік жасалу керек. «Қиын» оқушыларды тәрбиелеу жүйесінде адамгершілік тәрбиесін аса маңызды орынға ие болып табылады.

№ 9 дәрістің тақырыбы: Педагогикалық психологиядағы тәрбие құралдары

Педагогикамен салыстырғанда педагогикалық психологияда тәрбие құралдарына отбасы, ұжым, қарым-қатынас және тұлғааралық қарым-қатынас жатады, себебі олар арқылы адамның бір-біріне әсер етуі жүзеге асады. Отбасы – ұжымның ерекше түрі, ол тәрбие ісінде баланың тұлғасына ұзақ уақыт бойы психологиялық әсер етудің түрі мен құралы болып табылады. Отбасы базалық тұлғалық ерекшеліктерді - сенімділік, тыныштық пен ұяндық, қарым-қатынастағы мейірімді қалыптастырады, керісінше үрей мен қорқынышты, ызақорлық пе мейірімсіздікті тәрбиелей алады. Мұның бәрі ата-аналардың әлеуметтік-психологиялық типтеріне байланысты болады. Ата-аналардың 98 пайызы балаларын өздеріне ұқсатып тәрбиелеуге ұмтылады. Отбасының ерекше тәрбиелік роліне байланысты баланы тәрбиелеу ісінде отбасының оң әсерін күшейтіп, теріс ықпалын азайту қажеттілігі туындайды. Ол үшін әсер етуді анықтайтын отбасы ішіндегі әлеуметтік психологиялық факторларды анықтау қажет. Тәрбиенің теріс ықпалының себептері ата-аналардың отбасы ішілік қарым-қатынастарды бұзу, өзара түсіністіктің болмауы, балаға психологиялық қолдау және қорғау көрсетпеу болып табылады. Балалардың тәрбиесіне теріс ықпалын тигізетін маңызды факторлар ата-аналардың адамгершілік ұстанымдарының сәйкес келмеуі, отбасы алдындағы жауапкершілік, міндет, ар-ұят, мораль мәселелеріндегі көзқарастарының сәйкес келмеуі болып табылады. Сондықтан ата-аналардың мінез-құлқытарының типтеріне байланысты отбасы тұрақтылығының белгілі заңдылықтары бар. Тәрбиенің кейбір ерекшеліктеріне Р.С.Немов былай тоқталған: отбасында алғаш және кейін туылған балалар әртүрлі психологиялық жағдайларда тәрбиеленуі қажет. Мысалы, ата-аналар алғаш туылған баласымен кейінгі туылған балалармен салыстырғанда, басқаша қарым-қатынасқа түседі. Отбасындағы үлкен бала бірте-бірте ата-аналар ролін атқарады.

Ата-ананың біреуі болмаған толық емес отбасындағы тәрбиенің ерекше жағдайлары қалыптасқан. Ұл балалар қыздарға қарағанда отбасында әкенің болмауын ауыр қабылдайды, әкесіз олар ұрыншақ және мазасыз болып келеді. Қыздардың мінез-құлқы толық отбасындағы тәрбиеленген қыздардың мінез-құлқынан аз ерекшеленеді.

Балалар үшін отбасының барлық мүшесі үшін ажырасу отбасының тұрақтылығын бұзатын үлкен қауіп болып табылады. Ажырасу қыздардан гөрі, ұлдарға қатты әсер етеді. Отбасының бұзылуы ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынасқа кері әсерін тигізеді. Ата-аналардың өміріндегі тұрақтылық жағдайы сақталмаса, балаларына деген сүйіспеншілігі мен қолдауын көрсете алмайды. Алғашқы бала дүниеге келгеннен кейін ата-аналар арасында ерлі-зайыпты өмір сүрумен қанағаттанбау сезімі пайда болады деген мәліметтер бар. Жұптық дисконфорт ата-аналар мен баланың арасындағы қарым-қатынастың нашарлауына әкеп соғады. Жұптық қанағаттанбаудың төмендегі 5 факторының өзара іс-әрекетке түсуімен түсіндіріледі:

1. отбасының әрбір мүшесінің жеке сипаттамасы;
2. отбасы ішіндегі жұмыстарды бөлуде пайда болатын ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынас;
3. әрбір ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынас;
4. жаңа отбасы мен ерлі-зайыптылардың ата-аналары мен туыстары арасындағы байланыс;
5. отбасының материалдық және кәсіби жағдайлары.

Бұрын ұжым тәрбиенің негізгі құралы ретінде түсіндірілген. Ол үшін ұжымды құру керек, сосын сол ұжым арқылы тұлғаны тәрбиелеу қажет. Мұндай тәрбие тұжырымдамасын А.С.Макаренко ұсынған болатын: «Біздің тәрбие беруіміздің ең бірінші мақсаты – ұжым болуы қажет». Өмірлік тәжірибе көрсеткендей, нақты ұжым тұлғаны дамыту ісінде баланың жасөспірімдік кезеңінде жетекші роль атқарады. Тұлғаны жоғары деңгейде тәрбиелейтін метептегі ұжымдардың 6-8 пайызы ғана саналады. Ұжым жасөспірімнің өзін-өзі тәрбиелеуінде маңызды роль атқарады. Адам ұжымның ықпалы арқылы ғана қалыптасып, тұлға ретінде дамымайды, сонымен бірге көптеген әлеуметтік факторлар мен әлеуметтік институттар ықпалы арқылы осы процестер жүзеге асады.

Жеке тұлғаның дамуына бұқаралық ақпарат құралдары, баспасөз, әдебиет, өнер, әртүрлі адамдармен қарым-қатынас әсер етеді. Ұжымның тұлғалық дамуына оң ықпалымен қатар, теріс ықпалы да бар. Оның оң ықпалын білу үшін, ұжым дегеніміз не деген ұғымды терең зерттеуіміз қажет. Н.И.Шевандрин көрсеткендей, ұжым – басқару органдары бар, бірлескен қоғамдық-пайдалы іс-әрекет пен топ мүшелері арасындағы іскерлік қарым-қатынас қалыптасқан, өзара іс-әрекет ететін, адамдардың уақыт бойынша тұрақты ұйымдасқан тобы аталады.

Оқу ұжымының екі жақты құрылымы бар: 1. ұжымның ерекшеліктерін анықтайтын педагогтар мен кураторлардың мақсатты іс-әрекеттерінің объектісі және нәтижесі болып табылады. 2. оқу ұжымы ерекше әлеуметтік психологиялық заңдылықтарға бағынатын өзіндік дамитын құбылыс болып табылады. Нағыз ұйымдасқан ұжым бірден қалыптаспайды, ол бірнеше кезеңдерден өтіп, бірте-бірте қалыптасады.

1-ұйымдастырушылық кезеңде мектеп, жоғары оқу орындары, оқушылардың тобы ұжым болып саналмайды. Оқу ұжымының өмірі мен іс-әрекетінің ұйымдастырушысы болып осы кезеңде педагог саналады. Осы кезеңде педагог топтың әрбір мүшесін зерттеу керек, оның мінезі мен тұлғалық ерекшеліктерін бақылау және психологиялық тест арқылы анықтау қажет. Жалпы 1-кезең әлеуметтік-психологиялық адаптация кезеңі болып сипатталады, себебі осы кезеңде баланың оқу процесіне белсенді енуі және жаңа ұжымға енуі, мораль ережелерін меңгеру процесі жүзеге асады.

Ұжымның дамуының 2-кезеңі оның ұжымдық іс-әрекетінің ұйымдастырушылары қалыптасқан кезде басталады. Осы кезеңде ұжымға тек педагог емес, ұжымның белсенді мүшелері талап қояды. Ұжымның дамуының екінші кезеңінде оның жетекші мүшелерінің тұлғалық қарым-қатынастарын объективті түрде зерттеп, талдау керек. Бұнда социометрия, референтометрия әдістерін қолдануға болады. Топтың белсенділерін қалыптастыру – жетекшінің маңызды міндеті болып табылады және ол міндет тек топ белсенділерінің ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған болуы қажет.

Баланы қоршаған адамдармен қарым-қатынасының қажеттілігі оның туылған күнінен басталады. Баланың кейінгі өмірінде қарым-қатынастың даму процесі келесі негізгі бағыттарда жүргізіледі:

1. қарым-қатынас мотивтерін дамыту;
2. қарым-қатынас құралдарын дамыту;
3. қарым-қатынас түрлерін жетілдіру.

Баланың органикалық қажеттіліктерін қанағаттандыруға байланысты қарым-қатынас оның адамдармен қарым-қатынасының қалыптасуына ықпал етеді. Танымдық мақсаттары бар қарым-қатынас балалардың танымдық қызығушылығы мен білімге құштарлығын дамытуға ықпал етеді. Ойындық қарым-қатынас адамдармен тіл табысуға, өзара байланыс жасауға қолайлы жағдайлар жасайды.

Іскерлік қарым-қатынас тұлғаның белсенділігі, тыңдау мен түсіну қабілеті мен адамдарды дұрыс бағалауға ықпал етеді. Кәсіби қарым-қатынас адамның кәсіби іс-әрекетінде пайда болатын тұлғалық ерекшеліктерін дамытады. Қарым-қатынас түрлерінің дамуымен қатар, онтогенезде қарым-қатынас құралдарының жетілдіру процесі жүреді.

М.И.Лисина балалардың қарым-қатынас құралдарының үш негізгі түрін анықтады:

1. экспрессивті-эмоциональды;
2. заттық-әрекеттік;
3. тілдік.

7 жасқа дейін балалардың қарым-қатынасының негізгі 4 түрі пайда болады:

1. ситуациялық-тұлғалық – туғаннан 6 айға дейін;
2. ситуациялық-іскерлік – 6 айдан 2 жасқа дейін;
3. ситауциядан тыс-танымдық – 3-5 жас аралығы;
4. ситуациядын тыс-тұлғалық – 5-7 жас аралығы.

Ситуациялық-іскерлік қарым-қатынас балалардың ересек адамдармен заттық ойындарын қамтиды. Ситуациядан тыс-танымдық қарым-қатынаста бала заттар мен құбылыстар жайлы сұрақтар қоя отырып, қоршаған ортаны зерттеу нәтижесінде оның жалпы танымдық белсенділігі дамиды. Ситуациядан тыс-тұлғалық қарым-қатынастар баланың адам дүниесі мен олардың қарым-қатынасын тану жүзеге асады. Қарым-қатынастың тәрбиелік мақсатының мәні адамдардың бір-біріне қажет ақпаратты беруге бағытталған.

Адамдар арасындағы қарым-қатынас 4 қабырғадан тұратын ерекше пирамида сияқты. Қарым-қатынасты индивидтердің даму әдісі және бірігу әдісі деп қарастыруға болады. Өзінің мақсатына қарай қарым-қатынас көпжақты және оның негізгі 5 функциясы бар:

1. прагматикалық функция – бірлескен іс-әрекет процесінде адамдардың өзара іс-әрекеттегі қажеттіліктерін жүзеге асыруға бағытталған.
2. қалыптастырушы функция – адамның психикалық бейнесін қалыптастыру мен өзгертуге бағытталған.
3. бекіту функциясы – адамдардың өмір сүруінде және бағалауында маңызды болуын білуге бағытталған.
4. тұлғалық қарым-қатынастарды ұйымдастыру және қолдау функциясы - кез келген адам үшін адамды бағалау белгілі бір эмоциональды қарым-қатынастарды қалыптастырумен байланысты, әрине, эмоционалды тұлғалық қарым-қатынастар әлеуметтік байланыстың жалғыз түрі емес, сонымен бірге олар адамдар арасындағы қарым-қатынас жүйесін қамтиды.
5. қарым-қатынастың тұлғаішілік функциясы – адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасында жүзеге асады. Бұндай қарым-қатынас адам ойлауының универсальды әдісі ретінде қарастырылады.

Психологияда тәрбие деп тұлғааралық қарым-қатынасқа түсетін баланың әлеуметтік құрылымдарын қалыптастыру және өзгертуі процесі аталады. Әлеуметтік құрылым 3 негізгі компоненттен тұрады: білім, сезімдер (эмоция) және іс-әрекет. Р.С.Немов Ф ҚазҰПУ 703-12-11 Блім алушыларға арналған пәннің оқу-әдістемелік кешені.

анықтағандай, баланың әлеуметтік құрылымына педагогикалық әсер ету 4 сатыдан тұрады:

1. баланың зейінін белгілі бір сұрақ төңірегіне жинақтау;
2. оның қызығушылығын арттыру;
3. жаңа ақпарат беру;
4. мақсатқа жетуде іс-әрекет ету қажеттілігі.

Тілдік әсер етудің мақсаты баланың әлеуметтік құрылымдарын өзгерту немесе жаңа құрылымдарды қалыптастыру болып табылады. Құндылықтар жүйесінде алға ұмтылыс жасау үшін тыңдаушының көзқарастар жүйесіне жаңа ақпарат енгізу қажет, құрылымдар жүйесіндегі құрылымдық қатынастарды өзгерту қажет. Адамға әсер етудің тиімділігі оған әсер етудің қандай механизмдері қолданылғанына байланысты: иландыру, сендіру және жұқтыру.

Әсер етудің ең көне механизмі – жұқтыру, ол көп жағдайда бір адамның екінші бір адамға нақты эмоционалды психикалық көңіл-күйінің берілуімен анықталады. Мысалы, паника, күлкі, тітіркену, жұқтыру т.б.

Иландыру адамның вербальды эмоцияларына негізделген. Иландырудың вербальды сипаты бар, яғни тек сөз арқылы иландыруға болады. Бұнда дауыстың интонациясы маңызды роль атқарады. Иландыру – қабылданатын ақпаратты тікелей қабылдау қабілеті. Иландырудың адамдарда үш түрі анықталған:

1. гипноздық иландыру – гипноз кезінде;
2. релаксация жағдайында иландыру – адамның психикалық жағынан денесі босаған жағдайда;
3. адамның белсенді жағдайында иландыру.

Сендіру – адамның логикасы мен санасына, оның логикалық ойлауының жоғары деңгейіне әсер ету құралы болып табылады. Сендірудің мазмұны мен түрлері тұлғаның даму деңгейі мен оның ойлауына сай келуі қажет. Сендірудің мазмұнына мынадай талаптар қойылады:

1. сендірушінің сөзі тыңдаушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, құрылуы керек;
2. сендіру сөзі логикалық, дәлелді, мазмұнды болуы керек, мазмұнында тұжырымды ережелер мен нақты мысалдар болуы қажет;
3. тыңдаушыларға таныс деректерді талдау жасату қажет;
4. оратордың сөзі дәлелдеген іс-әрекеттеріне сай келуі қажет.

Сендіру процесі ақпаратты қабылдау мен бағалаудан басталады. Сендірудің тиімділігі жеке адаммен емес, топпен жұмыс істеген кезде жоғары болады.

№10 дәрістің тақырыбы: Білім беру процесіндегі мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас.

Педагогикалық психология дәстүрлі түрде арнайы бөлім – «мұғалім психологиясын» қамтиды, мұнда мұғалімнің кәсіби рөлінің маңыздылығы атап көрсетіледі, оның функциялары, қабілеттері, ептіліктері қарастырылады, оған қойылған талаптар мен қоғамда оған қатысты қалыптасқан әлеуметтік күтулер талданады. А.К.Маркованың айтуынша: «Мамандықтар – бұл қоғамға қажетті, тарихи қалыптасқан іс-әрекет формалары, оны орындау үшін адам білімдер мен дағдылар қосындысына сәйкес, қабілеттер мен кәсіби маңызды сапаларға ие болуы керек».

Мұғалім – дәрігер мамандығы сияқты ең көне мамандықтың бірі. Онда ұрпақтар сабақтастығының мыңжылдық тәжірибесі жинақталған. Шын мәнінде, педагог бұл – ұрпақтар арасындағы байланыстырушы буын, қоғамдық-тарихи тәжірибені тасушы. Халықтың қоғамдық-мәдени тұтастығы, жалпы өркениет, ұрпақтардың мираскерлігі көп жағынан мектеп-мұғалім рөлімен шартталған. Жалпы саны бірнеше он мыңдап саналатын, Мұғалім (педагог) мамандығы, оның мазмұны, еңбек жағдайлары, сандық және сапалық

құрамы өзгергенмен де, кәсіпкердің өзгермелі дүниесінде айнымас болып қалады. Мысалы, әлеуметтік зерттеулердің көрсетуінше, мұғалімдердің сандық құрамы 1980 жылдан 1994 жыл аралығындағы жылдар бойынша тең емес мөлшерде қалады да, ауылдық жерлерде өзгере отырып, 1993 жылға дейін өсу беталысына ие болған. Педагог мамандығының бүкіл дүние жүзінде феминизациялану фактісі өзіне назар аудартады, әсіресе Ресейде әйел-мұғалімдердің саны 80 % артық, мұның өзі ер адамның ықпалын талап ететін, ұлдарды, жасөспірімдерді тәрбиелеу сипатына әсер етпей қоймайды.

Педагогикалық іс-әрекеттің даралық субъектісі ретінде бола отырып, педагог, сонымен бірге, қоғамдық субъект білімдер мен құндылықтарды тасушы да болып табылады. Осыған орай, педагогтың субъективті сипаттамасында үнемі аксиологиялық (құндылықтық) және когнитивті (білімдік) жазықтықтар бірігеді. Бұл жерде екіншісі, сонымен қатар, жалпы мәдениеттік және пәндік-кәсіби білімдерді қамтиды. Даралық субъект бола отырып, педагог әрқашан, даралық-психологиялық, мінез-құлықтық және коммуникативтік сапалардың алуан түрлілігі тұсында да тұлға болып табылады.

Е.А.Климовтың зерттеулерінде мамандықтардың бүкіл сан алуандығы адамның айналасындағы табиғат, адамдар, техника әлеміне және т.б. қатынасының схемаларымен көрсетілген. Е.А.Климов ұсынған әдіс оларды еңбек пәні, оның мақсаттары, әрекеттер сипаты, еңбек қаруы және оның шарттары бойынша бөлуге мүмкіндік береді. Еңбек құралдары бойынша барлық мамандықтар – биономикалық (табиғат), техномикалық (техника), сигномикалық (белгілер), артономикалық (көркем бейнелер) және социономикалық (адамдардың өзара әрекеттесуі) болып бөлінеді. Е.А.Климов кәсіби іс-әрекеттің бес схемасын анықтайды: «Адам-Табиғат», «Адам-Техника», «Адам-Белгі», «Адам-Бейне», «Адам-Адам». Педагогикалық мамандық «Адам-Адам» деген типке жатады. Е.А.Климов бойынша мамандықтың бұл типі адамның келесі сапаларымен анықталады: адамдармен жұмыста тұрақты жақсы көңіл күй, қарым-қатынасқа деген қажеттілік, өзін ойша басқа адамның орнына қоя білу қабілеті, басқалардың ниеттерін, пиғылдарын, көңіл-күйлерін жылдам түсіне кою, адамдармен өзара қатынасты тез талғау, көптеген және әртүрлі адамдардың жеке қасиеттерін есте сақтап, ойда ұстау және т.б. Осындай мамандық схемасындағы адамға тән: басқару, оқыту, тәрбиелеу ептілігі, «адамдардың түрлі қажеттілігіне қызмет етуде пайдалы әрекеттерді іске асыру»; тыңдау және ести білу; кең ой-өріс; тіл (коммуникативтілік) мәдениеті; «ақыл-ойдың жантанушылық бағыты, адамның сезімдерін, ақылын және мінезін, мінез-құлқын аңғара білу, оған өзінің немесе өткен тәжірибеден таныс ішкі дүниені жапсырмай, дәл оның өзінің ішкі дүниесін ойша елестету, модельдеу ептілігі және қабілеті»; «адам әрқашан жақсырақ бола алады деген сенімділікке негізделген, адамға деген жобалаушы қатынас»; ұйымдаса білу, байқампаздық; «тұтастай халыққа қызмет ету идеясының дұрыстығына деген терең және оптимистік иланым»; стандартқа сай емес жағдаяттарды шешу; өзін-өзі реттеудің жоғарғы дәрежесі. Педагогикалық іс-әрекетті еңбек қаруы позициясынан қарастырғанда, өзіне назар аудартатын жағдай-онда басқа да қатынастар схемаларының шоғырлануы.

Мамандықтың әр типі үшін әрекеттер құрамын талдай отырып, Е.А.Климов олардың төрт тобын ұйғарады:

1. Қозғалыстық әрекеттері – орын алмастыру, орналасу, бұрылу және т.б.;
2. Танымдық (гностикалық) әрекеттері – қабылдау, қиял және логикалық әрекеттер;
3. Тұлға аралық қарым-қатынас әрекеттері – диагностикалаушы, әрекет-талап, серіктесті ақпаратпен басқару әрекеті;
4. Жігерді келісімдеу әрекеті.

Педагог субъект ретінде осы әрекеттердің барлығын орындайтынын айта кетейік (аз мөлшерде бірінші топ әрекеттерін, және егер олар тек механикалық болған жағдайда). Аталған әрекеттер тобының барлығының педагогтың кәсіби іс-әрекетіне енуі оның интеллектуалдық және мінез-құлықтық мәдениетінің жан-жақтылығын анықтайды.

Педагогтың педагогикалық іс-әрекет субъектісі ретіндегі жалпы сипаттамасын, оның мақсаттарын, пәнін, құралдарын, әрекет тәсілдерін анықтау негізінде келтіру осы мамандықтың жалпы күрделілігі мен көпжақтылығын көрсетеді. Педагогтың білім беру жүйесіне келудің өзіне бірнеше әлеуметтік болжамдар әсер етеді. Білім беру жүйесінде педагог тұлғасына қойылатын талаптар:

1. Педагог жалпы жоғары интеллектуалды қабілеттерді еркін ойлай алатын тәрбие жүргізуге бейім, аналитик бола білуі керек.

2. Педагог әлеуметтік тұлға. Ол оқушылармен жұмыс істегенді ұнатады, қоғамның мақұлдағанына қуанады, оқушыларға, оқушылар мен педагогтардың аттарын жақсы есінде сақтайды, тактілі қарым-қатынас, адамдарға кең пейіл белсенді болады.

3. Педагог эмоциясы ұстамды, ол ортақ іс-әрекет атқарғанды ұнатады, жауапкершілігі мол, сабырлы, пайда болған жағдайды дұрыс бағалайды, стресске бағынбайды.

П.Ф.Каптерев: «оқыту ахуалында мұғалім бірінші орынды алады, оның қандай да бір сапалары оқытудың тәрбиелік ықпалын жоғарылатады немесе төмендетіп отырады», - деп көрсеткен.

Педагогикалық қарым-қатынастың мазмұнына, функцияларына және ішкі құрылымына (деңгейлеріне) жүргізілген талдау жалпы түрде, осы аталған позициялардан терминдерді пайдаланып, педагогикалық іс-әрекетті анықтауға мүмкіндік береді. Педагогикалық қарым-қатынас мұғалім мен оқушылардың оқудағы өзара әрекеттесу, ынтымақтастық формасы. Бұл — аксиалды-ретиалды, тұлғалық және әлеуметтік бағдарланған өзара әрекеттесу. Педагогикалық қарым-қатынас вербалды, бейнелі, символдық және кинетикалық құралдардың бүкіл жиынтығын пайдалана отырып, бір мезгілде коммуникативтік, перцептивтік және интерактивті функцияларды жүзеге асырады.

Педагогикалық такт — кең мағынасында, бір жағдайда тәрбиелік әсер ету әдістерінің көмегі арқылы жүзеге асатын мұғалімнің кәсіби ерекшелігі. Педагогикалық тактінің құрылымда мұғалімнің оқушылармен іскерлік және психологиялық контакт бірлігі маңызды болып саналады.

Педагогикалық қарым-қатынастың ерекшелігі:

1. Іскерлік және психологиялық контактіннің бірлігі;
2. Қамқорлық және жауапкершілік;
3. Қарым-қатынастағы тұрақтылық пен сенімділік;
4. Шыдамдылық және өзін-өзі ұстау;
5. Шынайлық, қарапайымдық.

Педагогикалық техника (мұғалімнің ерекшеліктері):

1. Мұғалімнің сенімді дәлелдеу шеберлігі;
2. Оқушының санасында көркемдік бейнелерді қалыптастыру шеберлігі;
3. Оқушының алдында өзін-өзі ұстау шеберлігі;
4. Сабақ берудегі эмоционалдығы;
5. Мұғалімнің сөзінің бейнелігі мен эмоционалдығы;
6. Тәрбиелік әсер етудің мақсаттылығы.

Педагогикалық тактінің жеке ерекшеліктері — байқампаздық, оның танымдық тереңдігі тактінің педагогикалық тиімділігіне әсер етеді. Қарым-қатынастың көп ақпараттылық сипаттамасының да маңыздылығы кем емес. Ол вербалды қарым-қатынас жасау процесінде берілетін тілдік хабарлама күрделі коммуникативтік-пәндік мазмұнға ие, ол өзіндік мазмұндық, мәнерлік және түрткі болушы тұрғыдағы айтулардың бірлігі болып табылады.

Педагогикалық қарым-қатынастың ең алдымен оның көп объектілі бағыттылығынан көрінеді. Ол тек үйренушілердің өзара әрекеттесуінің өзінде олардың тұлғалық дамуы мақсатында бағытталмаған, сондай-ақ педагогикалық жүйенің өзіне негіз болып табылатын, оқу білімдерін игеруді ұйымдастыруға және осы негізде шығармашылық іскерліктерді қалыптасуға бағытталған. Педагогикалық қарым-қатынас кем дегенде үш Ф ҚазҰПУ 703-12-11 Блім алушыларға арналған пәннің оқу-әдістемелік кешені.

бағыттылықпен сипатталады: оқудағы өзара әрекеттесудің өзіне, үйренушілерге және игеру пәніне.

Педагогикалық ситуация оқу процесінің бірліктері, сабақ пен дәрісті анықтау контекстінде қарастырылады. Ол сабақ мақсатымен, міндеттерімен, кезеңдерімен, оның мазмұнымен, оқу педагогикалық бірлескен іс-әрекет субъектілерінің өзара әрекеттесу сипатымен сипатталады. Негізіне байланысты, педагогикалық ситуацияны түрліше бөлеміз. Қатынас формасы бойынша: іскерлік(жеке), ресми(ресми емес), формалдық (формалдық емес). Сабақ (дәріс) кезеңдері бойынша педагогикалық ситуация оқу материалымен таныстыру ситуациясы (онда бағдарлану, ұғыну, анықтап алу), әрекет тәсілдерін жаттықтыру. Еңбектестік динамикасы бойынша араласу, серікпен жұмыс істеу, еңбектестікпен шығу,оны аяқтау ситуациялары анықталуы мүмкін.Оқудағы өзара әрекеттесу сипаты бойынша еңбектестік, бәсекелестік, қақтығыс, конфронтация (қарсы тұру) ситуациялары болуы мүмкін. Орындалатын оқу міндеттерінің сипаты бойынша ситуация бейтарап немесе проблемалық болады.

Педагогикалық қарым-қатынас жайлы айта отырып, оның құрылымдық бірлікте-коммуникативтік актіде іске асуын назарға аламыз: сөйлеуші/мұғалім (оқытушы) немесе оқушы (студент) / тыңдаушы / оқушы (студент) немесе мұғалім (оқытушы). Комуникативтік акт құрылымын анықтай отырып, біз саналы түрде белсенді өзара әрекеттесу субъектілерін ғана белгілейтінімізді атау керек, алайда, бұл құрылымға үш-төрттен (Н.С.Трубецкой, А.Гардинер) алты-жеті (Р.О.Якобсон, В.А.Артемов) элементтерге дейін кіретіні белгілі.

№11 дәрістің тақырыбы: Мұғалім тұлғасы мен педагогикалық ұжымның психологиясы.

Педагогикалық іс-әрекет – кәсіби мақсаты жас ұрпақты тәрбиелеуге бағытталған қоғамдағы ересек адамдардың іс-әрекеті. Педагогикалық іс-әрекет көптеген педагогикалық ғылымдардың, атап айтсақ, дидактика, тәрбие теориясы, мектептанудың зерттеу объектісі болып табылады.

Педагогикалық іс-әрекеттің психологиясын мұғалім іс-әрекетінің психологиялық заңдылықтарын зерттейтін психология ғылымының саласы деп анықтауға болады. Педагогикалық іс-әрекеттің мазмұны мен психологиясы әлеуметтік факторлар арқылы анықталады.

1. қоғамдағы мұғалімнің орны мен функциясы;
2. қоғамның мұғалімге қоятын талабы.

Сонымен бірге, педагогикалық іс-әрекеттің мазмұны әлеуметтік-психологиялық факторлар арқылы анықталады:

1. қоршаған ортаның мұғалімнің тұлғасы мен іс-әрекетіне қатынасы;
2. мұғалімнің педагогикалық іс-әрекет саласындағы құрылымдары.

Педагогикалық ұжымның нақты ұйымдасқан құрылымы болады. Бұл құрылым ұжымның өзара тәуелді және өзара бақылауға деген қатынасын анықтайды. Осы құрылым барысында педагогикалық кеңес, мұғалімнің әдістемелік бірлестіктері, сынып жетекшілері мен мектеп әкімшілігі жұмыс істейді.

Мұғалімнің жеке тұлғасына қойылатын талаптар:

1. Балаларға деген сүйіспеншілік;
2. Педагогикалық іс-әрекетке деген сүйіспеншілік;
3. Жоғары деңгейде дамыған интеллект;
4. адамгершілік пен жалпы мәдениетінің жоғары деңгейі;
5. Педагогикалық эрудиция;
6. Арнайы жоғары білімінің болуы;
7. Оқыту мен тәрбие әдістерін кәсіби түрде меңгеруі.

Мұғалімнің жеке тұлғасына қойылатын қосымша талаптар:

Ф ҚазҰПУ 703-12-11 Блім алушыларға арналған пәннің оқу-әдістемелік кешені.

1. Эстетикалық тұрғыдағы сырт бейнесі;
2. Коммуникативтілігі;
3. әртістік шеберлігі;
4. Әзіл-қалжыңды түсінуі.

Мұғалімнің негізгі және қосымша қабілеттері оның жеке тұлғасын қалыптастырудағы негізгі құрамды бөліктері болып табылады. Оқушыларды тұлға ретінде қалыптастыру үшін, мұғалімнің сауатты, тәуелсіз, өзіндік пікірі бар және педагогикалық қабілеттері болуы керек.

Педагогикалық қабілеттер деп балаларды оқыту мен тәрбиелеуде жоғары жетістіктерге жетудегі мұғалімнің тұлға ретінде нақты психологиялық ерекшеліктері аталады.

1. Дидактикалық қабілеттер – мұғалімге оқытуда оқыту әдістері мен оқыту мазмұнын таңдауға, оқушылардың танымдық белсенділігі арқылы оқу материалын түсінікті жеткіуге мүмкіндік береді.
2. Экспрессивті қабілеттер – мұғалімге оқу материалын түсіндірудің эмоционалды жағын табуға мүмкіндік береді.
3. Перцептивті қабілеттер – мұғалімнің оқушыларға деген қарым-қатынасында көрінетін психологиялық байқампаздыққа, олардың жас және дара ерекшеліктерін терең түсінуге мүмкіндік береді.
4. Ұйымдастырушылық қабілеттер – сыныптағы тәртіптің болуына ықпал етеді, оқушылардың ұйымшыл ұжымын құруға ықпал етеді.
5. Суггестивті қабілеттер – мұғалімнің оқушыларға эмоционалды-ерікті әсер ету негізінде оның мәртебелі тұлға ретінде көрінуіне ықпал етеді.
6. Академиялық қабілеттер – белгілі бір ғылым саласында білім, білік және дағдыларды меңгерумен байланысты.

Арнайы педагогикалық қабілеттерге педагогикалық тактіні, тәрбиелеу және педагогикалық қарым-қатынас қабілеттерін жатқзуға болады. Мұғалім сабақтағы өзіндік іс-әрекеті арқылы қолайлы психологиялық ахуалдың қалыптасуына, оқушылардың іс-әрекеті мен қарым-қатынасында жағдай жасауға, олардың арасында достық қатынас орнатуға ықпал етуі керек.

Мұғалімнің функциялары.

В.Дальдің «Толковый словарь» сөздігінде «мұғалім – ұстаз, үйретуші» деп анықтама беріледі, яғни оның екі негізгі функциясы көрсетіледі:

1. Оқушылардың әлеуметтік тәжірибені меңгеруі мен жинақтауын басқару;
2. адамзат тәжірибесінде жинақталған білімді беру.

Мұғалім қазіргі заманғы мектепте бірнеше функция атқарады:

1. мұғалім мектептегі оқу процесін ұйымдастырушы. Ол сабақ барысында, қосымша сабақтар мен факультатив сабақтарда және оқу процесінен тыс оқушыларға білім беру көзі.
2. Көптеген мұғалімдер сынып жетекшісінің функциясын атқарады, яғни тәрбие процесін ұйымдастырушылар болып саналады.
3. Қазіргі заманғы мұғалім әлеуметтік психолог болып саналады, себебі ол оқушылардың тұлғааралық қарым-қатынасын реттеуші болып табылады.. Педагогикалық ұжымның бір мүшесі ретінде мұғалім мектеп ұжымының өмірі мен қызметін ұйымдастыруға белсенді қатысады.
4. Әрбір мұғалім оқушылар мен ата-аналар алдында әңгіме жүргізу арқылы педагогикалық білімді насихаттаушы болып саналады.

№12 дәрістің тақырыбы: Педагогикалық іс-әрекет мен сабақты талдаудың психологиялық негіздері.

Педагогикалық іс-әрекеттің үш компоненті бар:

1. конструктивті компонент.
2. ұйымдастырушылық компонент.
3. коммуникативті компонент.

Конструктивті компонент мұғалімнің іс-әрекетінде сабақта және сабақтан тыс жұмысты жоспарлау, оқу бағдарламасына сай оқу материалын таңдада маңызды рөл атқарады. Бұл жұмыс сабақтың негізгі компонентін құрайды. Оқыту процесін жетілдіру жолдарын іздеу конструктивті іс-әрекеттің ажырамас бөлігі болып табылады.

Ұйымдастырушылық компонент үш бағытты қамтиды:

1. баяндауды ұйымдастыру;
2. сабақта өзінің мінез-құлқын ұйымдастыру.
3. балалардың іс-әрекетін ұйымдастыру және олардың танымдық ауқымын жетілдіру.

Коммуникативті компонентте оқушылармен, ата-аналармен, мектеп әкімшілігімен, мұғалімдермен қарым-қатынасты қалыптастыру және қолдау жүзеге асады. Мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасы оның конструктивті және ұйымдастырушылық іс-әрекетінің жетістігін анықтайды. Мұғалім мен оқушылардың эмоционалды қарым-қатынасының 5 типін анықтауға болады:

1. эмоционалды жағымды белсенді;
2. эмоционалды жағымды пассивті;
3. эмоционалды жағымсыз белсенді;
4. эмоционалды жағымсыз пассивті;
5. тұрақсыз.

Педагогикалық іс-әрекеттің коммуникативті компоненті педагогикалық процесте айқын көрінеді. Педагогикалық іс-әрекеттің психологиялық функцияларын А.И.Щербаков атап көрсетіп:

1. ақпараттық функция – оқу материалын меңгеру мен тарату шеберлігі;
2. дамытушылық функция – оқушылардың жеке тұлғасын дамытуды басқару;
3. бағдарлы функция – жеке тұлғаның бағыттылығы, мотивтері мен идеалдары;
4. мобилизациялық функция – оқушылардың ақыл-ой іс-әрекетін жетілдіру;
5. зерттеушілік функция – педагогикалық процестегі шығармашалық ізденіс, тәжірибе жүргізу шеберлігі.

Сабақ мектептегі оқыту мен тәрбиенің жетекші түрі және мұғалімнің іс-әрекетінің негізгі компоненті болып табылады. Сабақ кезінде мұғалімнің барлық іс-әрекеттерінің координациясы мен интеграциясы жүзеге асады.

Сабақты психологиялық талдау негізінде оқушылардың психикалық дамуын нақты болжауға болады. Психологиялық талдаудың мақсаты – сабақтың кемшіліктерін анықтау және жетістіктерді бағалау.

Оқыту мен тәрбиенің тиімділігі мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне, оқу бағдарламасын дұрыс құруға, оқытуды техникалық оқу құралдарымен қамтамасыз етуге байланысты болады. оқыту мен тәрбиелеу ішкі жағдайларға да байланысты болады, ол оқушылардың ақыл-ой даму деңгейі, олардың оқуға қатынасы, ақыл-ой іс-әрекетін ұйымдастыру ерекшеліктеріне байланысты болады. Осы жағдайларды ескере отырып, сабақты психологиялық талдауды бірнеше бағыттарда жүргізуге болады:

1. мұғалімнің сабақты ұйымдастыруы;
2. оқушылардың ұйымшылдығы;
3. оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру;
4. мұғалімнің сабақтағы ситуацияларды меңгеру қабілеті;
5. мұғалімнің сыныппен психологиялық байланыс орнатуы.

Ф ҚазҰПУ 703-12-11 Блім алушыларға арналған пәннің оқу-әдістемелік кешені.

Сабақтың тиімділігінің сыртқы және ішкі факторлары болады.

Сыртқы факторлар:

1. мұғалімнің педагогикалық шеберлігі;
2. оқу бағдарламасын, оқулықтар мен оқу құралдарын құру;
3. оқыту әдістері;
4. ТОҚ-мен қамтамасыз ету.

Ішкі факторлар:

1. оқушылардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру;
2. оқу материалын еркін меңгеру,
3. мұғалімнің шығармашылықпен жұмыс істеу қабілеті.

Семинар сабақтарының жоспары

Тақырыбы: Педагогикалық психология ғылымының құрылымы және зерттеудің негізгі әдістері.

1-семинар: Педагогикалық психологияның принциптері және категориялары

Дәрістің теориялық материалдарын оқып, келесі сұрақтарға жауап беруге дайын болыңыздар:

1. Педагогикалық психология дегеніміз не?
2. Педагогикалық психологияның пәнінің құрамына енетіндерді атаңыз.
3. Педагогикалық психологияның функцияларын атаңыз.
4. Теориялық пән ретінде педагогикалық психология нені зерттейді?
5. Педагогикалық психология психологияның қандай салаларымен өзара байланысты?

6. Педагогикалық психологияның құрылымы?
7. Педагогикалық психологияның зерттеу әдістерін атаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Зимняя И.А. Педагогическая психология. М., 1991
2. Выготский Л.С. Педагогическая психология. М., 1991
3. Леонтьев А.А. Педагогическое общение. М., 1079
4. Мұқанов М.М. Жас ерекшелік және педагогикалық психология. А., 1980
5. Столяренко Л.Д. Педагогическая психология. М., 2005

Тақырыбы: Педагогикалық психологияның қалыптасу тарихы.

2-семинар: Психикалық дамудың теориясы

Дәрістің теориялық материалдарын оқып, келесі сұрақтарға жауап беруге дайын болыңыздар:

1. Педагогикалық психология туралы алғашқы теориялар қай кезде пайда болды?
2. Педагогикалық психологияның пайда болуына ықпал еткен тарихи жағдайларды атаңыз.
3. Педагогикалық психологияның өалыптасуы үшін оның тарихындағы үш кезеңінің маңызы қандай?
4. Педагогикалық психологияның дамуына Ресей ғалымдары мен отандық ойшылдардың еңбектері.
5. Ж.Пиажениң ақыл-ой дамуының теориясы.
6. Э.Торндайықтың оқыту мен даму ретінде теориясы.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Зимняя И.А. Педагогическая психология. М., 1991
2. Выготский Л.С. Педагогическая психология. М., 1991
3. Леонтьев А.А. Педагогическое общение. М., 1079
4. Мұқанов М.М. Жас ерекшелік және педагогикалық психология. А., 1980

Ф ҚазҰПУ 703-12-11 Блім алушыларға арналған пәннің оқу-әдістемелік кешені.

5. Столяренко Л.Д. Педагогическая психология. М., 2005

Тақырыбы: Оқыту психологиясы.

3-семинар: Оқытушы мен оқушы – білім процесінің субъектілері.

Дәрістің теориялық материалдарын оқып, келесі сұрақтарға жауап беруге дайын болыңыздар:

1. Педагог және оқушы – білім беру процесінің субъектілері ретінде анықтама беріңіз.
2. Білім беру процесі – көп аспектілі феномен ретінде қалай қарастырылады?
3. Білім беру әлеуметтік институт екенін анықтаңыз.
4. Субъект категориясына жалпы анықтама беріңіз.
5. Оқытудың қазіргі заманғы теорияларына анықтама беріңіз.
6. Оқу іс - әрекетінің субъектісі ретінде – оқушыға анықтама беріңіз.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Зимняя И.А. Педагогическая психология. М., 1991
2. Выготский Л.С. Педагогическая психология. М., 1991
3. Леонтьев А.А. Педагогическое общение. М., 1079
4. Мұқанов М.М. Жас ерекшелік және педагогикалық психология. А., 1980
5. Столяренко Л.Д. Педагогическая психология. М., 2005

Тақырыбы: Оқыту психологиясы.

4-семинар: Оқыту процесі кезіндегі танымдық іс - әрекет дамуы.

Дәрістің теориялық материалдарын оқып, келесі сұрақтарға жауап беруге дайын болыңыздар:

1. Оқыту психологиясының құрамына енетін компоненттерді атаңыз.
2. Оқыту процесін психологиялық тұрғыда талдаңыз.
135. Жеті жасқа дейін балаларда пайда болатын қарым-қатынастың негізгі түрі:

- А) ситуациялық-танымдық
 - В) әлеуметтік-тарихи
 - С) вербальды
 - Д) эмоциональды-танымдық
 - Е) іскерлік
- *****

136. Жетекші рөл атқаратын тәрбие жүйесі:

- A) эгоистік
- B) ұжымдық
- C) индивидуальды
- D) тұлғааралық
- E) арнайы

137. Тәрбие жүйесінің негізіндегі тезис:

- A) тәрбие мен толыққанды даму тек ұжымда мүмкін
- B) тәрбие және толыққанды даму тек ұжымда ғана мүмкін емес
- C) тәрбие тек ұжымда жүзеге асады
- D) тәрбие тек ұжымнан тыс жүзеге асады
- E) тәрбие тек топ ішінде жүзеге асуы мүмкін

138. Баланың жеке басына жағымды әсер ететін топ:

- A) дамудың төменгі деңгейлі тобы
- B) дамудың орта деңгейлі тобы
- C) ұжым
- D) әлеуметтік топтар
- E) ресми емес топтар

139. Жеке адамның тәрбиесінде негізгі және ұзақ мерзімді рөл атқаратын топ:

- A) мектептегі сынып
- B) балабақшадағы топ
- C) отбасы
- D) достар тобы
- E) қызметтестер тобы

140. Отбасындағы баланың тәрбиесіне теріс ықпалдың себебі:

- A) өзара сенімділік, ата-аналардың түсіністігі мен қамқорлық
- B) ата-аналардың отбасыншілік қатынастарын бұзуы
- C) отбасылық рөлдерді түсінудегі кедергілер
- D) отбасылық рөлдерді түсіну және бір-біріне жоғары талаптар қою
- E) ата-аналар мен балалар арасындағы отбасылық қарым-қатынастардың бұзылуы

141. Отбасындағы тәрбие әдістері:

- A) мадақтау және жазалау
- B) ата-аналардың өз баласы үшін үлгі болуға ұмтылысы
- C) мадақтау және сендіру
- D) жазалау және иландыру
- E) еліктеу және жұқтыру

142. Жазалау әдісін қолданатын кезең:

- A) барлық жағдайда
- B) баланың мінез-құлқын басқа әдіспен өзгерту болмаған жағдайда

C) баланың мінез-құлқын басқа әдіспен өзгерту мүмкін болған жағдайда

D) баланың қылмыстық іс-әрекетке барған жағдайда

E) баланың отбасындағы тәртібі мен мінез-құлқының бұзылған жағдайында

143. Жазалау әдісі:

- A) балаға түсіндірілмеуі қажет
- B) әділ болуы қажет
- C) балаға саналы түрде түсіндірілуі қажет
- D) қатал болуы қажет
- E) міндетті түрде қолданылуы қажет

144. Ата-аналардың мінез-құлық стильдері қандай процеске әсер етеді?

- A) баланың тұлғалық дамуына
- B) баланың танымдық дамуына
- C) ата-аналардың баламен өзара қарым-қатынасына
- D) баланың топпен қарым-қатынасына
- E) ата-аналардың отбасылық қарым-қатынасына

145. Әлеуметтік бағдардың неше компоненті бар?

- A) екі
- B) үш
- C) төрт
- D) бес
- E) жеті

146. Әлеуметтік бағдарға енетіндер:

- A) білім, білік және дағдылар
- B) білім, білік және эмоциялар
- C) білім, эмоция және іс-әрекеттер
- D) эмоциялар, іс-әрекеттер және дағдылар
- E) дағды, сезім және эмоциялар

147. Оқушының жеке басының қасиеттерін қалыптастырудың кезеңдері:

- A) ынталандыру және мінез-құлықтың қалыпты жағдайы
- B) ынталандыру және мотив
- C) мінез-құлық формаларын таңдау және оның қалыпты жағдайы
- D) жеке адамның қасиеті
- E) жеке адамның жас және жыныстық ерекшеліктері

148. Өзіндік тәрбие дегеніміз:

- A) оқушылардың бойында жеке адамға тән қоғамдық-құнды қасиеттерін қалыптастыру мақсатында және жағымсыз мінез-құлық сипаттарын жою мақсатындағы жүйелі жұмыс

В) оқушылардың бойында жеке адамға тән қоғамдық-құнды қасиеттерін қалыптастыру және жағымсыз мінез-құлық сипаттарын жою мақсатында саналы түрдегі жүйелі жұмыс

С) оқушылардың бойында жеке адамға тән қасиеттерін қалыптастыру және жағымсыз мінез-құлық сипаттарын жою мақсатында саналы түрдегі жүйелі жұмыс

Д) оқушылардың бойында жеке адамға тән қоғамдық-құнды қасиеттерін қалыптастыру және жағымсыз мінез-құлық пен темперамент сипаттарын жою мақсатында саналы түрдегі жүйелі жұмыс

Е) оқушылардың бойында ересек адамға тән қасиеттер мен ерекшеліктерді қалыптастыру мақсатындағы жүйелі жұмыс

149. Оқушылардың тәрбиелілігінің критерийлері:

А) адамгершілік сезімдерінің және әдеттерінің қалыптасу деңгейі

В) адамгершілік қажеттіліктер мен сезімдерінің, әдеттерінің қалыптасу деңгейі

С) мінез-құлықтың ерікті деңгейі

Д) мінез-құлықтың еріксіз деңгейі

Е) адамгершілік қажеттіліктерінің саналы түрдегі қалыптасу деңгейі

150. Оқыту дегеніміз:

А) оқушылардың білім, білік және дағдыларды меңгеруге бағытталған мақсатты танымдық іс-әрекеті

В) оқушылардың білім, білік және дағдыларды меңгеруге және оны әрі қарай іс-жүзінде қолдануға бағытталған мақсатты іс-әрекеті

С) оқушылардың білім, білік және дағдыларды меңгеруге және оны әрі қарай іс-жүзінде қолдануға бағытталған мақсатты танымдық іс-әрекеті

Д) оқушылардың білік, сезім және эмоцияларды меңгерудегі мақсатты бағытталған эмоционалды іс-әрекеті

Е) оқушылардың сезім, эмоция және қабылдауын меңгеруге бағытталған перцептивті іс-әрекеті

151. Оқытудың мақсаттары:

А) жалпы және жеке

В) негізгі және қосалқы

С) негізгі және жеке

Д) жалпы және қосалқы

Е) жеке және арнайы

152. Оқу іс-әрекеті дегеніміз:

А) адамның жаңа білім, білік және дағдыларды меңгеру процесі

В) адамның жаңа білім, білік және дағдыларды меңгеру немесе ескілерді өзгерту процесі

С) адамның білім, білік және дағдыларды меңгеру және ескілерді қолдану

Д) жеке адамның білік, дағды және сезімдерді меңгеру процесі

Е) жеке адамның өзіндік тәрбиесі мен өзіндік жетілдіруіндегі мақсатты процесс

153. Оқу іс-әрекетінде қанша құрылым бар?

А) екі

В) үш

С) төрт

Д) алты

Е) сегіз

154. Оқу іс-әрекетінің құрылымдық компоненттері:

А) қозғаушы, операциялық, бағалаушы

В) қозғаушы, операциялық, бақылаушы-бағалаушы

С) мотивациялық, операциялық, бағалаушы

Д) мотивациялық, операциялық, бақылаушы-бағалаушы

Е) бақылаушы, бағалаушы, тәжірибелік

155. Оқу іс-әрекетінің мотивациялық құрылымы:

А) оқу іс-әрекетінің мотивтері

В) оқу іс-әрекетінің мотивтерінің мәні

С) білім, білік және дағдыларды меңгерудегі ынтасы

Д) білім, білік және дағдыларды меңгеруге ұмытылыс

Е) білік пен дағдыларды қалыптастыруға ынтасы

156. Оқу іс-әрекетінің операциялық құрылымы:

А) оқу тапсырмасын орындаудағы іс-әрекеттердің жалпы әдісін құрайтын оқу операцияларының жиынтығы және нақты оқу тапсырмасы

В) оқу операциялары мен тәсілдерінің жиынтығы және белгілі оқу тапсырмасы

С) оқу тапсырмасын орындауда іс-әрекеттердің жалпы әдісін құрайтын оқу операцияларының және тәсілдерінің жиынтығы және нақты оқу тапсырмасы

Д) оқу тапсырмаларын орындаудағы оқушылардың іс-әрекетінің

заңдылықтарының жиынтығы және арнайы оқу тапсырмасы

Е) оқу тапсырмаларын орындаудағы жалпы іс-әрекеттердің жиынтығы

157. Оқу іс-әрекетінің бақылаушы-бағалаушы құрылымы:

А) оқу тапсырмасының орындалуын бақылау және бағалау

В) оқу тапсырмасының орындалуын бағалау және операцияларды орындаудың дұрыстығы мен тұтастығын бақылау

С) оқу тапсырмасының орындалуын бағалау және операцияларды орындаудың дұрыстығын бақылау және өзін-өзі бақылау

Д) оқу тапсырмасының дұрыстығын тексеру және өзіндік тексеру

Е) оқу іс-әрекетіндегі жалпы процестерді бақылау және бағалау

158. Үйрету дегеніміз:

А) адамның білім, білік және дағдыларды меңгеру процесі мен нәтижесі

В) оқытудың нәтижесі

С) оқу іс-әрекетінің нәтижесі

Д) оқудың нәтижесі

Е) тәрбие іс-әрекетінің нәтижесі

159. Үйретудің түрлері:

А) импринтинг және шартты-рефлекстік

В) оперантты, викарлы, вербальды

С) импринтинг, вербальды емес

Д) проекциялық, дәнекерлік

Е) инструментальды, экспрессивті

160. Импринтинг механизмі бойынша үйрету:

А) организмнің туылғаннан дайын мінез-құлық формаларын қолдану арқылы өмір жағдайына бейімделу

В) мінез-құлықтың инстинктілі емес түрлері

С) организмнің туылғаннан дайын мінез-құлық формаларын меңгеру арқылы өмір жағдайына автоматты түрде бейімделу

Д) организмнің балалық шақта мінез-құлық формаларын меңгеру арқылы өмір жағдайына жедел бейімделу

Е) жеке адамның қалыптасу кезеңіндегі өмір жағдайына бейімделу

161. Оперантты үйрету:

А) білім, білік және дағдылар автоматты түрде меңгеріледі

В) білім, білік және дағдылар қателер мен сынақтар әдісі арқылы меңгеріледі

С) білім, білік және дағдылар шартты-рефлексті түрде меңгеріледі

Д) білік, дағды және сезімдер жедел түрде меңгеріледі

Е) білік, дағды және эмоциялар қателер арқылы меңгеріледі

162. Викарлы үйрету:

А) басқа адамдардың мінез-құлқына бақылау жүргізу арқылы үйрену

В) басқа адамдардың мінез-құлқына мұқият бақылау жүргізу арқылы үйрену

С) басқа адамдардың мінез-құлқына тікелей бақылау жүргізу арқылы үйрену

Д) басқа адамдардың тәрбие процесіне бақылау жүргізу арқылы үйрену

Е) басқа адамдардың білім, білік және дағдыларды меңгеруіне бақылау жүргізу арқылы үйрену

163. Вербальды үйрету:

А) адамның тіл және сөйлеу арқылы жаңа тәжірибені меңгеруі

В) адамның белгілер жүйесі арқылы жаңа тәжірибені меңгеруі

С) адамның білім, білік және дағдыларды меңгеруі

Д) адамның ақпарат құралдары арқылы білім, білік, дағдыларды меңгеруі

Е) адамның өздігінен білім, білік және дағдыларды меңгеруі

164. Оқыту процесінің үйрету процесінен ерекшелігі:

А) жүйелілігі

В) жоспарлылығы

С) ұйымдастырылғандығы

Д) әлеуметтік басқарылғандығы

Е) арнайы бағытталғандығы

165. Үйретудің механизмдері:

А) жұқтыру, иландыру және сендіру

В) ассоциацияларды қалыптастыру, еліктеу, айырмашылық және тұжырымдау

С) инсайт, шығармашылық

Д) инсайт, шығармашылық, тұжырымдау

Е) инсайт, интерпретация, сендіру

166. Ақыл-ой әрекетінің кезеңдерін қалыптастыру теориясының негізі:

А) Л.С.Выготский мен А.Н.Леонтьевтің іс-әрекеттің интериоризациясы туралы ілімі

В) Л.С.Выготский мен А.Н.Леонтьевтің іс-әрекеттің экстериоризациясы туралы ілімі

С) психиканың құрылымындағы санадан тыс іс-әрекеттің басым рөлі туралы З.Фрейдтің ілімі

Д) жеке адамның кешенді тәсілдері туралы Б.Г.Ананьевтің ілімі

Е) жеке адамның құрылымдық-динамикалық өсуі туралы Б.Д.Парыгиннің ілімі

Ф ҚазҰПУ 703-12-11 Блім алушыларға арналған пәннің оқу-әдістемелік кешені.

167. Ақыл-ой әрекеттерін қалыптастырудың кезеңдері (П.Я.Гальперин бойынша):

- A) іс-әрекеттің бағдарлы негіздерін құру, материалдық іс-әрекет, «қатты сөйлеу»
- B) «іштей сөйлеу», «өзі үшін сөйлеу», « ішкі сөйлеу»
- C) «іштей сөйлеу», «өзі үшін сөйлеу»
- D) «дауыстап сөйлеу», «ішкі сөйлеу»
- E) «қатты сөйлеу», «іштей сөйлеу»

168. Іс-әрекеттің бағдарлы негіздерінің қанша типі бар?

- A) екі
- B) үш
- C) төрт
- D) алты
- E) тоғыз

169. Мазмұнды жинақтау теориясы (В.В.Давыдов бойынша):

- A) нақтыдан абстрактіліге қозғалыс
- B) ең бірінші теориялық ұғымдарды меңгеру
- C) нақты деректермен танысу
- D) жалпы білімнен жеке білім шығару
- E) жеке білімнен дағдыларды меңгеру

170. Іс-әрекеттің бағдарлы негізінің бірінші типі бойынша оқушының атқаратын іс-әрекеті:

- A) іс-әрекеттің орындалу жайында барлық нұсқауларды алады
- B) қателер мен сынақтар әдісі арқылы
- C) тапсырмаларды дұрыс орындау жағдайын анықтауға мүмкіндік беретін оқыту негізінде талдау жасау
- D) тапсырмаларды орындаудың негізінде қайта өңдеу әдісі арқылы
- E) дұрыс жауаптар мен іс-әрекеттерді іздеу арқылы

171. Іс-әрекеттің бағдарлы негізінің екінші типі бойынша оқушының атқаратын іс-әрекеті:

- A) іс-әрекеттің орындалу жайында барлық нұсқауларды алады
- B) қателер мен сынақтар әдісі арқылы
- C) тапсырмаларды дұрыс орындау жағдайын анықтауға мүмкіндік беретін оқыту негізінде талдау жасау
- D) тапсырмаларды орындаудың негізінде қайта өңдеу әдісі арқылы
- E) дұрыс жауаптар мен іс-әрекеттерді іздеу арқылы

172. Проблемалық оқыту дегеніміз:

A) проблемалық ситуацияларды шешуге негізделген оқыту түрі

B) проблемалық ситуацияларды құру және шешуге құрылған оқыту түрі

C) проблемалық ситуацияларды талдау және шешуге құрылған оқыту түрі

D) адамның танымдық ситуацияларды шешуге құрылған оқыту түрі

E) адамның күрделі мәселелерді шешуге құрылған оқыту түрі

173. Оқу іс-әрекетінің мотивтері:

- A) ішкі және сыртқы
- B) жеке және индивидуальды
- C) жеке
- D) ішкі
- E) арнайы және жалпы

174. Адамның белсенділігінің сыртқы негіздері:

- A) талап, тілек және мүмкіндіктер
- B) талап, мүмкіндік және мақсаттар
- C) мүдде, талап және мүмкіндіктер
- D) тілек, мүмкіндік және қажеттіліктер
- E) талап, сезім және мақсаттар

175. Оқу іс-әрекетінің жетістіктері неге байланысты?

- A) оқу іс-әрекеттің мотивациясына және танымдық процестердің ұзақтығына
- B) қабылдау, зейін, есте сақтау мен қиялға
- C) жеке адамның ерікті және басқа қасиеттері: жауапкершілік пен тәртіптің болуына
- D) оқуға қойылған дұрыс құрылымға
- E) тәрбие процесінің дұрыс құрылымына

176. Оқу материалына қойылатын талаптар:

- A) жаңашылдығы мен ғылымилығы
- B) мүмкіндігі мен қиындық деңгейі
- C) мүмкіндігі мен қайталанбауы
- D) даралығы мен дербестігі
- E) жаңашылдығы мен жеңілдігі

177. Оқыту дегеніміз:

- A) оқушыларға білім, білік және іс-әрекеттерді беруге бағытталған мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті
- B) оқушыларға білім, білік және дағдыларды меңгертуге бағытталған мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті
- C) үйрету процесі және нәтижесі
- D) меңгеру процесі және нәтижесі
- E) тәрбие процесі және нәтижесі

178. Педагогикалық психологиядағы оқыту мен дамудың арақатынас мәселесі:

- A) оқыту – оқушылардың дамуымен байланысты емес
 - B) дамыту оқытудың алдында жүретін процесс
 - C) оқыту оқушының жеке тұлғасын дамытуда жетекші рөл атқарады
 - D) оқыту тәрбиеден тыс жүретін процесс
 - E) оқыту дамытудан кейін жүретін процесс
- *****

179. Оқушылардың оқыту процесін сипаттайтын факторлар:

- A) мазмұны, оқушылардың меңгерген білімі және іс-әрекет әдістерінің ерекшеліктері
 - B) белгілі жүйелілік
 - C) мазмұны, оқушылар меңгерген білім мен іс-әрекет ерекшеліктері
 - D) көпдейінгейлілік және маңыздылық
 - E) нақты жоспарлы және кешенді ұйымдасқан оқу процесі
- *****

180. Үйрету барысы қалай реттеледі?

- A) мұғалім мен оқушының диалогы арқылы
 - B) мұғалім мен оқушының байланысы арқылы
 - C) мұғалім мен оқушының кері байланысы арқылы
 - D) мұғалім, ата-ана және оқушының өзара байланысы арқылы
 - E) ата-ана мен оқушының кері байланысы арқылы
- *****

181. Оқу іс-әрекетін басқарудағы тиімді әдістер:

- A) оқушылардың дұрыс жауап мен іс-әрекеттерін іздеу
 - B) жіберілген қателер мен оларды түзету туралы белгілер арқылы
 - C) оқушының қатеге деген қатынасы
 - D) мұғалімнің қатеге деген қатынасы
 - E) оқушы мен мұғалімнің өзін-өзі бағалау және тексеруге қатынасы
- *****

182. Жауаптарды іздеу түрлері:

- A) өзіндік құрастыру және баламалы емес таңдау
 - B) құрастыру және баламалы таңдау арқылы
 - C) өзіндік құрастыру мен баламалы таңдау арқылы
 - D) өзіндік жобалау және үлгі құрастыру арқылы
 - E) дербес таңдау жасау арқылы
- *****

183. Қателерді көрсетудің сипаттамасы:

- A) тікелей белгі беру және жанама табу
- B) жанама белгі беру және тікелей табу
- C) кезекті белгі беру және жанама табу
- D) өзіндік бағалау және табу

Ф ҚазҰПУ 703-12-11 Білім алушыларға арналған пәннің оқу-әдістемелік кешені.

- E) құрастыру және дербес таңдау
- *****

184. Қателерді жөндеудің тәсілдері:

- A) ағымдағы түзету арқылы
 - B) іздеу және айтып жіберу арқылы
 - C) ағымдағы айтып жіберу мен іздеу арқылы
 - D) қайта өңдеу және тексеру арқылы
 - E) жылдам түзету арқылы
- *****

185. Ақыл-ой дамуы дегеніміз:

- A) адамның жас ерекшелігі мен тәжірибесін ескеріп, ақыл-ой қызметіндегі сапалық және сандық өзгерістердің жиынтығы
 - B) адамның жас ерекшелігі мен тәжірибесін ескеріп, ақыл-ой іс-әрекетінде болатын күрделі және қосымша өзгерістер
 - C) адамның жас ерекшелігі мен тәжірибесін ескеріп, ақыл-ой іс-әрекетінде болатын өзгерістердің жиынтығы
 - D) адамның жыныстық ерекшелігіне байланысты болатын өзгерістер жиынтығы
 - E) адамның физиологиялық ерекшелігіне байланысты болатын өзгерістер жиынтығы
- *****

186. Үлгірім дегеніміз:

- A) оқушылардың оқудағы жетістіктерінің бағалануы
 - B) оқушылардың бес баллдық жүйемен белгіленген жетістіктерінің бағалануы
 - C) оқушылардың бес баллдық жүйемен белгіленген жетістіктерінің бағалары
 - D) үйретудің нәтижесі
 - E) тәрбиенің нәтижесі
- *****

187. Оқытуды жетілдірудің тәсілдері:

- A) «жақын маңдағы» аймаққа бағдар алу
 - B) проблемалық және бағдарламалық оқытуды қолдану
 - C) оқытудың қазіргі заманғы жүйелерін жүзеге асыру
 - D) жаңа технологияларды қолдану
 - E) бағдарламадан тыс, баламалы оқыту түрлерін қолдану
- *****

188. «АКТУАЛЬДЫ ДАМУ» аймағының сипаттамасы:

- A) оқушының қандай тапсырмаларды өз бетімен орындай алатыны
- B) оқушының қандай тапсырмаларды басқалардың көмегі арқылы орындай алатыны
- C) оқушының қандай тапсырмаларды өз бетінше және басқалардың көмегі арқылы орындай алатыны
- D) оқушылардың қандай тапсырмаларды мұғалімнің көмегі арқылы орындайтыны

Е) оқушылардың қандай тапсырмаларды өз бетінше ата-ананың көмегі арқылы орындай алатыны

189. Оқытудың дәстүрлі түріне қойылатын талаптар:

А) оқушылардың жаңа материалды қабылдау мотивациясы және мұғалімнің хабарланатын материалға ішкі құндылық қатынасы

В) мұғалімнің сабақ материалы бойынша оқушылармен қарым-қатынас жасауға деген қызығушылығы

С) техникалық оқу құралдарын қолдану және баяндаудың терең логикалық түрде құрылған түрі

Д) материалдарды бағдарлама негізінде таңдау

Е) жаңа технологияларды пайдалану

190. Проблемалық оқытудың маңыздылығы:

А) оқу материалын баяндау логикасы

В) оқушының шығармашылық дербестігінің артуы

С) мұғалім проблема тудырады, оқушы оны шешудің жолдарын өз бетінше табады

Д) оқушылардың оқу материалын меңгерудегі тексерулері

Е) оқушылардың дербес ізденісі және мұғалімнің көмегінің қажет болмауы

191. Оқушылардың оқу материалын қабылдауына әсер ететін факторлар:

А) апперцепция, адам іс-әрекетінің мотивтері, адамның алдына қойған міндеттері, сезімдер, ой-өрісі, сенімдер

В) апперцепция, адам іс-әрекеттің мотивтері, адамның алдына қойған міндеттері, субъектінің бағдары, эмоциялар

С) сенімдер, адамның ой-өрісі, оның қызығушылықтары

Д) интеграция, перцепция

Е) альтруизм, идентификация

192. Оқушылардың оқу материалын түсінудегі критерийлер:

А) оқушылардың білімінің болуы, негізгі ойды анықтау шеберлігі, білімді практика жүзінде қолдануы

В) білімді практика жүзінде қолдануы, негізгі ойды анықтау шеберлігі, сөздік материалды баяндау

С) білімді практика жүзінде қолдану, сөздік материалды өз сөзімен баяндау, негізгі ойды анықтау шеберлігі

Д) сөздік материалды жазбаша баяндау, оқушылардың логикалық ойлауын дамыту

Е) оқу материалын жатқа айтып түсіндіру, ақыл-ой белсенділігін дамыту

193. Мнемотехника дегеніміз:

А) ес туралы ғылым

В) рациональды есте сақтау шеберлігі

С) жаттаудың нақты әдістері

Д) танымдық процесс

Е) әлеуметтік тәжірибені қайта өңдеу

194. Ойлаудың түрлері:

А) ырықты, ырықсыз

В) бейнелі, логикалық

С) көрнекі-әрекеттік, көрнекі-бейнелік

Д) ерікті, еріксіз

Е) жеке, тұтас

195. Эмоция дегеніміз:

А) белгілі бір тұрақты сезімді тікелей, уақытша сезіну

В) нақты сезім

С) стресс жағдайы

Д) сананың құбылысқа аударылуы

Е) аффектілі процесс

196. Қазіргі заманғы мұғалімнің атқаратын функциялары:

А) мектептегі оқу процесін ұйымдастырушы, сынып жетекшісі

В) әлеуметтік педагог, тәрбиеші, педагогикалық білімді насихаттаушы

С) әлеуметтік педагог, педагогикалық білімді насихаттаушы

Д) психолог, сынып жетекшісі

Е) психолог, тәрбие процесін ұйымдастырушы

197. Педагогикалық қабілеттер дегеніміз:

А) оқыту қабілеттері

В) оқуда жетістікке жетуге ықпал ететін жеке адамның қасиеттері

С) балаларды оқыту мен тәрбиелеуде жоғары нәтижелерге жетуге ықпал ететін мұғалімнің белгілі психологиялық ерекшеліктері

Д) жеке адамға тән эмоциональды және тұлғалық ерекшеліктер

Е) тәрбие процесінде қажет мұғалімнің жеке ерекше қасиеттері

198. Педагогикалық қабілеттердің түрлері:

А) дидактикалық, экспрессивті, перцептивті

В) ұйымдастырушылық, авторитарлы

С) коммуникативті, аффектілі, дидактикалық, перцептивті

Д) демократиялық, либеральды

Е) автократиялық, әлеуметтік

Ф ҚазҰПУ 703-12-11 Блім алушыларға арналған пәннің оқу-әдістемелік кешені.

199. Педагогикалық іс-әрекет дегеніміз:
А) өскелең ұрпақты тәрбиелеу мақсатында қоғамның ересек мүшелерінің қызметі
В) оқушылардың білім, білік және дағдыларын қалыптастыру
С) оқушыларды үйретудің процесі мен нәтижесі
D) педагогикалық қарым-қатынас стилін қалыптастыру
Е) педагогикалық ситуациялар мен оқыту әдістерін таңдау

200. Педагогикалық іс-әрекеттің компоненттері:
А) конструктивті, ұйымдастырушылық
В) конструктивті, ұйымдастырушылық, мінез-құлықтық
С) конструктивті, ұйымдастырушылық, коммуникативті
D) ұйымдастырушылық, перцептивті
Е) ұйымдастырушылық, интерактивті

Емтиханға дайындалуға арналған сұрақтар тізімі

1. Тәрбиенің психологиялық анықтамасы.
2. Викарлы оқыту түрі. Өзіндік тәрбие ұғымы.
3. Педагогикалық психологияның қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан психологтардың тобы.
4. Оқыту теориялары. Оқытудың қызметтік теориясы.
5. Балаға тікелей тәжірибелік психологиялық-педагогикалық әсер ету әдістері.
6. Тәрбие мақсаттары, үйретудің анықтамасы.
7. Оқу іс-әрекетінің кезеңдері. Мотивация ұғымы.
8. Тар және кең мағынасындағы тәрбие құралдары.
9. Оқытудың тұлғалық-қызметтік теориясы.
10. Тәрбие институттары. Альтруизм ұғымы.
11. Оқу іс-әрекетінің анықтамасы. Оқу іс-әрекетінің негізгі функциялары.
12. Педагогикалық процестің психологиялық негіздері.
13. Оқушыларды тәрбиелеудегі жеке тәсілдер.
14. Жеті жасқа дейін балаларда пайда болатын қарым-қатынастың негізгі түрлері. Мектепке оқытуға психологиялық дайындық.
15. Психологияда әдіснамалық талдау деңгейлері.
16. Оқытудың психологиялық сипаттамасы.
17. Тәрбие теориялары. Тәрбиелік әсер ету әдістері.
18. Оқу іс-әрекетінің құрылымдық компоненттері.
19. Педагогикалық психологияның негізгі мәселелері. Оқыту технологиялары. Проблемалық оқыту түрі.
20. Үйретудің түрлері. Оперантты үйрету түрі.
21. Баланың жеке басына мақсатты түрде әсер етудің негізгі шарттары.
22. Педагогикалық психологияның құрамы. Педагогикалық іс-әрекеттегі қарым-қатынас стильдері.
23. Педагогикалық психологияның қалыптасуының үш кезеңі.
24. Оқытудың түрлері. Вербальды оқыту түрі.
25. Оқу іс-әрекетінің түрлері. Импринтинг механизмі бойынша оқыту түрі.
26. Тәрбиенің педагогикалық заңдылықтары. Тәрбие принциптері.
27. Оқытудың мақсаттары мен міндеттері. Оқытудың когнитивтік теориясы.
28. Педагогикалық психологиядағы тәрбие құралдары.
29. Оқытудың механизмдері. Мұғалімнің функциялары.
30. Педагогикалық психологиядағы арнайы зерттеу әдістері.

НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Негізгі әдебиеттер:

1. Минияров М.Г. Педагогическая психология. М., 2005.
2. Столяренко Л.Д. Педагогическая психология. М., 2005.

Қосымша әдебиеттер:

1. Выготский Л.С. Педагогическая психология. М., 1991.
2. Возрастная и педагогическая психология. Под ред. А.В.Петровского. М., 1979.
3. Зимняя И.А. Педагогическая психология. М., 1999.
4. Талызина Н.Ф. Педагогическая психология. М., 1998.
5. Якунин В.Ф. Педагогическая психология. М., 1995.
6. Немов Р.С. Психология. В 3-х книгах. М., 1995.
7. Леонтьев А.А. Педагогическое общение. М., 1979.
8. Ильясов И.И. Структура процесса учения. М., 1986.
9. Волков К.Н. Психологи о педагогических проблемах. М., 1981.
10. Ананьев В.Г. Избранные психологические труды. М., 1980.
11. Мұқанов М.М. Жас ерекшелік және педагогикалық психология. А., 1980.
12. Жарықбаев Қ.Б. Жантану негіздері. А., 1990.
13. Қоянбаев Р.М. Педагогика. А., 1995.
14. Қоянбаев Р.М. Жалпы бастауыш білім беру педагогикасы. Түркістан, 2006.
15. Жарықбаев Қ, Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. А., 1996.

Анықтамалық әдебиеттер:

1. Овчарова Р.В. Справочная книга школьного психолога. М., 1983.
2. Хрестоматия по возрастной и педагогической психологии. Под ред. И.И.Ильсова, В.Я.Ляудис. М., 1981.
3. Энциклопедический словарь по педагогической психологии. М., Питер, 2005.
4. Педагогическая психология в схемах и комментариях. М., Владос, 2005.

Нормативті әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2005.
2. Қазақстан Республикасы жоғары білім берудің Мемлекеттік стандарты.

ГЛОССАРИЙ

1. МЕКТЕПКЕ БЕЙІМДЕЛУ – баланың мектеп өмірінің жағдайларына, оның нормалары мен талаптарына, белсенді танымдық іс-әрекетке бейімделу процесі.
2. ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ЖЕТЕКШІ ТҮРІ – баланың дамуының белгілі бір кезеңдерінде психологиялық ерекшеліктеріндегі басты өзгерістерді негіздейтін іс-әрекет.
3. ВЕРБАЛЬДЫ ҮЙРЕТУ – алуан түрлі белгілік жүйелер арқылы символикалық түрде жүзеге асырылатын үйретудің түрі.
4. АДАПТАЦИЯ – сыртқы өзгерген жағдайларға жеке адамның бейімделуі.
5. ӘЛЕУМЕТТІК БЕЛСЕНДІЛІК - әлеуметтік объектілердің өзіндік құрылымы мен психикасын өзгертуге байланысты мінез-құлқы.
6. ВИКАРЛЫ ҮЙРЕТУ – басқа адамдарға тікелей бақылау жүргізу арқылы үйретудің түрі.
7. ЗЕЙІН – индивидтің интеллектуалды, сенсорлы және қозғалыс белсенділігінің деңгейін арттыруды қамтамасыз ететін, сананың бағыттылығы және жинақталуы.
8. ЕЛІКТЕУ – бір адамның басқа бір адамға мақсатты бағытталған тұрғыда және дәйексіз әсер етуі.
9. ТӘРБИЕ – баланың жеке тұлғасы мен мінез-құлқына ұйымдасқан, мақсатты бағытталған әсер ету процесі; адамдардың ғылыми негізделген қарым-қатынасы.
10. ТӘРБИЕЛІЛІК – оқушылардың адамгершілік көріністерінің қоры, олардың адамгершілік сенімдері мен шынайы адамгершілік мінез-құлқы.

Ф ҚазҰПУ 703-12-11 Блім алушыларға арналған пәннің оқу-әдістемелік кешені.

11. ТӘРБИЕЛЕП ОҚЫТУ – оқушылардың білім, білік, дағдыларды меңгеруі, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін меңгеруі мен әлемге, бір-біріне, меңгерілетін оқу материалына деген эмоционалды-құнды қатынасты қалыптастыру арасындағы үйлесімді байланыс туындайтын оқыту түрі.
12. ҚАБЫЛДАУ – адам санасында оның сезім мүшелеріне тікелей әсер ету арқылы заттар мен құбылыстардың бейнеленуі.
13. МЕКТЕПТЕ ОҚУҒА ДАЙЫНДЫҚ – мектепке дейінгі жастағы балалардың морфофизиологиялық және психологиялық ерекшеліктерінің жиынтығы, олар жүйелі ұйымдастырылған мектептегі оқуға өтуді қамтамасыз етеді.
14. ДЕЗАДАПТАЦИЯ - баланың қалыпты даму аясында жүзеге асатын, бірақ өмірдің қалыпты жағдайларынан оқшауланумен байланысты адамның қоршаған ортамен өзара іс-әрекет процесінің бұзылуы.
15. ДИДАКТИКАЛЫҚ БЕЙНЕ – оқыту мақсатында жасалған заттар мен құбылыстардың бейнесі.
16. ОҚЫТУДЫҢ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫ ТҰҒЫРЫ – балалардың дара ерекшеліктерін ескерп қана қоймайды, сонымен бірге оларды оқытудың алуан түрлі формалары арқылы дамытуға ықпал етеді.
17. РУХАНИЛЫҚ – кездейсоқ қызығулар мен қажеттіліктерден басым тұратын жоғары адамгершілік идеалдардың басымдылығы.
18. ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУДАҒЫ АУЫТҚУ – баланың психикалық іс-әрекетінің дамуындағы артта қалушылық.
19. ОҚЫТУ, ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ДАМУДАҒЫ ӨЗАРА БАЙЛАНЫС ЗАҢЫ – оқытуға бағытталған кез келген іс-әрекет оқушылардың тұлғалық сапаларын дамытумен, оны қоғамның бір мүшесі ретінде тәрбителеумен байланысты болатын заң.
20. ЖҰҚТЫРУ – адамның белгілі психикалық күйге бейсаналы, еріксіз түрде енуі.
21. ИДЕАЛ – қазіргі кезде жеке тұлға басшылыққа алатын және оның өзін-өзі тәрбиелеу жоспарын анықтайтын бейне.
22. АПАТИЯ – қоршаған адамдарға немқұрайлылықпен қараудағы адамның психикалық күйі.
23. АППЕРЦЕПЦИЯ – қабылдаудың жалпы бағыттылық пен адам тәжірибесіне тәуелділігі.
24. АНТИЦИПАЦИЯ - адамның оқиғаларды алдын ала болжау, көру, өзгерістерді білу қабілеті.
25. АССОЦИАЦИЯ – психикалық құбылыстардың өзара байланысы.
26. ИДЕНТИФИКАЦИЯ – адамның өзін басқа адамға ұқсастыру, теңестіру арқылы басқа адамды түсіну тәсілі.
27. ИМПРИНТИНГ – ағзаның мінез-құлықтың туа біткен дайын формаларын қолдану арқылы, өмірдік нақты жағдайларына жедел, автоматты түрде бейімделуімен сипатталатын үйрету түрі.
28. ПЕДАГОГТЫҢ ДАРАЛЫҒЫ – педагогикалық басты және қосалқы сапаларының жиынтығы.
29. ОЙЛАУДЫҢ ДАРА ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ – адамның ойлауының негізгі түрлерінің алуан түрлі арақатынасы, сонымен бірге ойлаудың өзбетінділігі, жылдамдығы және жеңілдігі.
30. ТӘРБИЕДЕГІ ДАРА ТҰҒЫР – оқушылардың дифференциалды-психологиялық ерекшеліктерін ескеру.
31. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ДАРА СТИЛІ – педагогикалық іс-әрекетті орындаудың психологиялық құралдары, тәсілдері, дағдылары мен әдістерінің тұрақты дара-спецификалық жүйесі.
32. ТӘРБИЕ ИНСТИТУТТАРЫ – жеке тұлғаға тәрбиелік әсер етуге бағытталған қоғамдық ұйымдар мен құрылымдар.

33. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІҢ КОММУНИКАТИВТІ КОМПОНЕНТІ – оқушылармен, ата-аналармен, мектептің әкімшілігімен, мұғалімдермен қарым-қатынасты құру және қолдау.
34. КОМПЕНСАЦИЯ – ағзаның дамымай қалған психофизиологиялық функцияларын ауыстыру немесе қайта құрудың күрделі көпаспектілі процесі.
35. ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІНІҢ БАҚЫЛАУШЫ-БАҒАЛАУШЫ КОМПОНЕНТІ – операцияларды орындаудың дұрыстығы мен толыққандылығын тексеру.
36. КОНТРСУГГЕСТИЯ – еліктіретін әсерге қарсы тұру құбылысы.
37. КИКІЛЖІҢ – қатал формада тіркелетін алуан түрлі бағыттағы пікірлер мен көзқарастардың қарама-қайшылығы, сәйкес келмеуі.
38. КОРРЕКЦИЯ – балалар мен жасөспірімдердің мінез-құлқындағы ауытқулар мен психифизикалық дамудағы кемшіліктерді азайту немесе жоюға бағытталған арнайы және жалпыпедагогикалық іс-шаралар жүйесі.
39. ТӘРБИЕНІҢ ЖАНАМА ҚҰРАЛДАРЫ – тәрбиеші мен тәрбиеленушінің бір-бірімен жеке байланысынан тыс, белгілі бір құралдардың қолдануынан тыс жүзеге асырылатын әсерлер.
40. ТӘРБИЕДЕГІ ТҰЛҒАЛЫҚ ТҰҒЫР – жеке тұлғаның ұжымда және ұжымның тәрбиеленушінің жеке тұлғасындағы көрінісін анықтауға бағытталған тұғыр.
41. ДҮНИЕТАНЫМ – жеке тұлғаның, әлеуметтік топтың, қоғамның құндылықтар мен идеалдар жүйесінде көрініс беретін, адамның табиғат пен қоғам туралы біртұтас бейнесі.
42. МНЕМОНИКА – есте сақтауды жеңілдететін және қосымша ассоциацияларды құру арқылы есте сақтаудың көлемін арттыратын алуан түрлі тәсілдер жүйесі.
43. МНЕМОТЕХНИКА – есте сақтаудың рационалды тәсілдері туралы ғылым.
44. МОТИВ - адамның нақты таңдауға, шешімге және іс-әрекетке, белсенділікке ұмтылдыратын ішкі күш-қуаты.
45. ОҚУ МОТИВІ – оқушылардың оқу іс-әрекетінің жеке жақтарына бағыттылығы.
46. МОТИВАЦИЯ – субъектінің белсенділігін туындататын және оның бағыттылығын анықтайтын сыртқы және ішкі жағдайлардың жиынтығы.
47. ОЙЛАУ – сөйлеумен тікелей байланысты, анализ бен синтездің барысында шындықтың жалпылама бейнесін іздеу және табудағы психикалық процесс.
48. ҮЙРЕТУ – адамның білім, білік және дағдыларды меңгеру процесі мен нәтижесі.
49. АДАМГЕРШІЛІК САНА – адамның санасында адамдардың өзара қатынастарын, олардың қоғмдық іске, қоғамға қатынасын реттейтін адамгершілік нормалары мен принциптерінің бейнесі.
50. ВЕРБАЛЬДЫ ҚҰРАДАР – адамның қарым-қатынаста қолданатын сөйлеу және тілдік құралдары.
51. ВЕРБАЛЬДЫ ЕМЕС ҚҰРАЛДАР – адамның қарым-қатынаста тілдік емес құралдарды – мимика, жест, пантомимика т.б. қолданатын құралдары.
52. ОҚЫТУ – оқушыларға білім, білік, дағдыларды беруге бағытталған мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті.
53. БІЛІМДІЛІК – адамның білім, білік және дағдыларды оқыту процесінде меңгеруінің жылдамдығы мен сапасының дара көрсеткіштері.
54. ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС – бірлескен іс-әрекетте, танымда адамдар мен топтардың қажеттіліктері арқылы туындайтын, олардың арасындағы байланыстарды құру және дамытудың күрделі көпжоспарлы процесі.
55. ОПЕРАНТТЫ ҮЙРЕТУ – рефлекторлық оқытуға қосымша оқыту түрі, ол ағзаның қоршаған ортадағы белсенді әрекеттерді қамтиды.
56. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ КОМПОНЕНТІ – баяндауды, сабақтағы мұғалімнің мінез-құлқын, балалардың іс-әрекетін және белсенді танымдық ауқымын жетілдіруді ұйымдастыратын компонент.

57. ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ – қоғамда қабылданған адамгершілік нормалар, әдеттер мен психикалық денсаулық нормаларына қарама-қайшы келетін іс-әрекеттер жүйесі.
58. БАҒА – шартты-формальды балл арқылы көрінетін бағалау нәтижелерінің бірі.
59. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ – кәсіби мақсаты өскелең жас ұрпақты тәрбиелеу болып саналатын қоғамның ересек мүшелерінің іс-әрекеті.
60. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯ – оқыту мен тәрбиенің психологиялық мәселелерін зерттейтін психология ғылымының бір саласы.
61. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕР – мұғалім ретінде балаларды оқыту мен тәрбиелеуде жоғары жетістіктерге жетудің шарты болып саналатын, жеке тұлғаның белгілі психологиялық ерекшеліктері.
62. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАКТ – мұғалімнің жеке тұлғасының психологиялық жақтарын, педагогтың педагогикалық әсердің тәсілдері мен құралдарына бағдарын, адамгершілік бағдарлар мен принциптерді қамтитын мәселелер.
63. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС – оқу-тәрбие процесінде жоғары нәтижелерге жетумен байланысты педагогикалық іс-әрекеттің негізінде жүзеге асырылатын қарым-қатынас.
64. ПЕДОЛОГИЯ – ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында болған бала, оны оқыту мен дамыту туралы кешенді ғылым.
65. ЖАЗБАША СӨЙЛЕУ – визуальды көрінген белгілер арқылы қабылданатын сөйлеу түрі.
66. ЕЛІКТЕУ – басқа адамның мінез-құлық белгілерін қарапайым қабылдау ғана емес, сонымен бірге көрсетілген мінез-құлықтың белгілері мен бейнелерін қайта жаңғырту.
67. ҰҒЫМ – заттар мен құбылыстардың жалпыланған формадағы қайта жаңғырту құралы.
68. ПРОБЛЕМАЛЫҚ СИТУАЦИЯ – тапсырманы орындау барысында іс-әрекет пен жаңа білімнің тәсілдерін іздеуге ынталандаратын, адамның интеллектуалды қиындықтарының психикалық күйі.
69. ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ – оқу мәселелерін шешуде оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыра отырып, мұғалімнің проблемалық ситуацияларды жүйелі түрде құратын оқыту түрі.
70. БАҒДАРЛАМАЛАП ОҚЫТУ – оқушылар мен педагогтың іс-әрекеттері айқын болатын, алдын-ала құрастырылған бағдарлама бойынша оқыту түрі.
71. КӘСІБИ МАҢЫЗДЫ САПАЛАР – негізгі сипаттамалар бойынша адамның еңбегінің тиімділігіне әсер ететін ерекшеліктері.
72. КӘСІБИ ЕРЕКШЕЛІКТЕР – кәсіби іс-әрекеттің талаптарына жауап беретін, жеке тұлғаның дара-психологиялық қасиеттері.
73. ТӘРБИЕНІҢ ТІКЕЛЕЙ ҚҰРАЛДАРЫ – адамдармен тікелей қарым-қатынаста жүзеге асырылатын, бір адамның басқа бір адамға тікелей тұлғалық әсер етуі.
74. ПСИХОДИАГНОСТИКА – жеке тұлғаның дара-психологиялық ерекшеліктерін анықтау және өлшеу әдістерін құрастыратын психология ғылымының саласы.
75. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КОРРЕКЦИЯ – мақсаты балаға тікелей практикалық психологиялық әсер ету болып табылатын. әдіс.
76. ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ – тәрбиеленушінің жеке тұлғасын өзгерту мақсатындағы тәрбиешінің іс-әрекеті.
77. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫС – бірлескен іс-әрекетте өзара түсіністікпен туындайтын психикалық күйдің жалпылама атауы.
78. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ – алдын ала зерттеу негізінде, балаға кеңестер мен ұсыныстар беру түрінде, балаға ауызша түрде көмек беру түрі.
79. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ ПСИХОЛОГИЯСЫ – мұғалімнің іс-әрекеті мен еңбегінің психологиялық заңдылықтарын зерттейтін психология білімінің саласы.

80. ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТ – балаға педагогикалық әсердің тиімділігін қалыптастыру үшін, дамытушы мақсатта жүргізілетін зерттеу.
81. ПСИХОПАТИЯ – адамның эмоционалды-ерікті және мотивациялық ауқымы дамуындағы ауытқулар.
82. ДАМЫТА ОҚЫТУ – жаңа дидактикалық принциптердің негізінде құрылған, бастапы оқытудың әдістемелік жүйесі.
83. ӨЗІН-ӨЗІ ТӘРБИЕЛЕУ – мінез-құлықтың кемшіліктерін, жағымсыз белгілер мен сапаларды жоюға, жеке тұлғаның қоғамдық құнды сапаларын қалыптастыруға бағытталған оқушылардың саналы және жүйелі іс-әрекеті.
84. ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ – жеке тұлғаның өзін, өзінің мүмкіндіктерін, басқа адамдардың арасындағы орны мен сапасын бағалау.
85. ОТБАСЫ - өзара моральды жауапкершілікпен және өзара көмекпен, бірлескен тұрмыспен байланысқан, некеге немесе қандас туыстыққа негізделген шағын топ.
86. ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУ – тұғалық және іскерлік деңгейде оқыту мен өзара іс-әрекеттегі адамдар арасындағы қалыпты өмірге дайын емес немесе әлеуметтік оқшауланған балалардың бейімделуі.
87. ӘЛЕУМЕТТІК ПОЗИЦИЯ - басқа адамдарға қатынас бойынша адамның алатын функционалды орны.
88. ӘЛЕУМЕТТІК РӨЛ – қоғамдық және тұлғааралық қатынастар жүйесінде жеке тұлғаның әлеуметтік позициясымен берілген мінез-құлық үлгісі, әлеуметтік функция.
89. ТӘРБИЕ ҚҰРАЛДАРЫ – тәрбиешінің тәрбиеленушілерге белгілі психологиялық сапалар мен мінез-құлық үлгілерін қалыптастыру мақсатында әсер ететін ұйымдасқан құралдары.
90. ПЕДАГОГТЫҢ БАСҚАРУ СТИЛІ – оқушылармен өзара іс-әрекет қалыптасатын тәрбиешінің атқаратын функцияларының стилі мен тәсілдері.
91. ТӘРБИЕ ТЕОРИЯЛАРЫ - жеке тұлғаның пайда болуы, қалыптасуы және өзгеруін түсіндіретін тұжырымдамалар.
92. ОҚЫТУДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ТҮРІ – оқыту процесі мұғалім мен оқушылардың арасындағы ақпарат алмасу ретінде қарастырылатын, оқытудың коммуникативті моделіне негізделген оқыту түрі.
93. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ТРЕНИНГІ – педагогикалық іс-әрекет жағдайында қарым-қатынасқа қажет бағдарларды құру және түзетуге, білім, білік, дағдыларды меңгеруге бағытталған әлеуметтік-психологиялық тренингтің түрі.
94. СЕНДІРУ – адамның өзіндік сыни көзқарасына қарату арқылы жеке тұлғаның санасына интеллектуалады әсер етуі.
95. АҚЫЛ-ОЙ ДАМУЫ – ақыл-ой әрекетінде адамның жасының өзгеруімен және тәжірибені жалпылауымен байланысты сапалық және сандық сипаттағы өзгерістердің жиынтығы.
96. ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІ - адамның жаңа білім, білік, дағдыларды меңгеру процесі.
97. ОҚУ ТАПСЫРМАСЫ – теориялық ұғымдардың пайда болуын талдауға бағытталған оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілі.
98. ОҚЫТУ – оқушылардың білім, білік, дағдыларды меңгеруге және оны тәжірибеде қолдануға бағытталған оқушылардың мақсатты бағытталған танымдық іс-әрекеті.
99. ГУМАНИЗМ - адамды жеке тұлға ретінде ерікті дамуы, өзіндік қабілеттерінің көрінуі және құндылықтарын тануына негізделген дүниетанымдық көзқарас.
100. ІС-ӘРЕКЕТ - субъектінің заттық іс-әрекетке қатынасында психикалық бейнесін объектіде көрсету және пайда болуы жүретін субъектінің дүниемен өзара іс-әрекетінің динамикалық жүйесі.